БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 231 (9549) | 1954 жылғы 21 ноябрь Жексенбі

Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

Бүгін—Артиллерия күні.
Отанымыздың шекарасын қырағы күзетуші совет артиллерияшыларының даңқы арта берсін!

Артиллерия күні

Бүгін бүкіл совет халқы және еліміздің Қарулы Күштері Артиллерия күнін мерекелейді. Социалистік Отанымыздың шекарасын қырағы күзетуші даңқты совет патриоттары —артиллерияшылар мен артиллерия өнеркәсібінің қызметкерлері бұл мерекені жаңа зор табыстармен қарсы алып отыр.

1944 жылғы октябрьде, Ұлы Отан соғысының майдандарында жауға қарсы жойқын ұрыстар жүріп жатқанда ССРО Жоғарғы Советі Президиумының жыл сайын Артиллерия күнін мерекелеу туралы Указы жарияланды. 1942 жылғы ноябрь айының аяқ шенінде Сталинград түбінде совет әскерлерінің қарсы шабуылы басталып, ол неміс фашистерінің 330 мың әскерінің талқандалуымен аяқталғаны мәлім. Міне, сол зор шабуыл басталған күн —Артиллерия күні болып белгіленді.

Еліміздің еңбекшілері совет артиллерияшыларымен бірге бұл күнді быйылғы жылы зор өрлеу жағдайында атап өткелі отыр. Совет адамдары партия мен үкметіміздің социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын бұрынғыдан да өркендету, әсресе тың және тыңайған жерлерді көп игеру арқылы елімізде астық молшылығын жасау, халық тұтынатын товарлар өндірісін молайту жөніндегі тарихи қарарларын ойдағыдай жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізуде. Бұл жолда совет адамдары алып адыммен ілгері басып, алғашқы игі нәтижелерге ие болды. Бұған Совет Одағының колхоздары мен совхоздарының 1954 жылғы егін өнімінен астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындағаны туралы. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің хабары айқын дәлел.

Бұл күндері еліміздің өнеркәсіп орындарының еңбекшілері москвалықтардың патриоттық бастамасына қызу үн қосып, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстауда.

Совет халқының бейбіт жемісті еңбегін, советтік Отанымыздың мемлекеттік мүдделерін Қарулы Күштеріміз және оның негізгі құрамды бөлегі —совет артиллерияшылары қырағы күзетуде.

Совет Қарулы Күштерінің құрамды бөлегі болып табылатын совет артиллериясы Коммунистік партияның басшылығы-

сетті. Ол Сталинград пен Воронеж, Курск мен Белгород, Харьков пен Киев, Витебск мен Бобруйск, Минск мен Кишинев түбінде фашистердің әскерлерінің талқандалуын қамтамасыз етті. Совет артиллериясы Отан соғысының ұлы ұрыстарында танктеріміз бен жаяу әскерлерімізге жол ашып, олардың жедел алға басуын қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде жау Отанымыздың шекарасынан қуып шығарылды. Артиллериямыздың нөсерлете жаудырған оғынан дүшпанның жүз мыңдаған танктері, зеңбіректері, минометтері, автомашиналары және басқа сансыз көп соғыс техникасы жойылды. Артиллериямыздың нөсерлете оқ жаудырып, қыйрата соққы беруі нәтижесінде фашистер сансыз көп адам күшінен айрылды.

1945 жылғы апрельдің 15-нен 16-на қараған түнде біздің әскерлеріміздің Берлинге тарихи шабуылы басталды. Берлин бағытында біздің түрлі калибрлі 41 мың зеңбіректеріміз бен минометтеріміз топтастырылды.

Социалистік Отанымызға шексіз берілген совет артиллерияшылары батырлық пен ерліктің, табандылық пен тапқырлықтың тамаша үлгісін көрсетті. Отанымыз өзінің даңқты ұлдары —артиллерияшылардың қаһармандық ерлігін жоғары бағалады: 1677 артиллерияшы мен минометшіге Совет Одағының Батыры атағы берілді, екі офицер Совет Одағының Батыры атағын екі рет алды, 440 мың артиллерияшылар ордендермен және бір миллионнан аса артиллерияшылар медальдармен наградталды.

Орыс артиллериясының ежелден даңқты тарихы бар. XIV ғасырда құрылған орыс артиллериясы өзінің даму тарихында барлық басқа мемлекеттердің артиллериясынан әрдайым үздік шығып, өзінің басымдылығын көрсетіп отырды.

Алайда, отандық артиллериямыз тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана мықтап дамыды. Коммунистік партия мен Совет Үкметі ұйымдастырып, өсірген совет артиллериясы аз уақыттың ішінде кәзіргі заман соғысы жағдайында қандай да болмасын күрделі міндетті шеше алатын қуатты күшке айналды.

Коммунистік партия совет артиллериясын дамытумен бірге, соғыс техникасын

Москва. Мемлекеттік бейнелеу искусствосының баспасы басып шығарған, суретші М. Соловьевтың плакаты.

Артиллерия күні туралы

21 ноябрь—Артиллерия күні. Қалаларда, селоларда, әскери бөлімдерде мереке күрметіне, Отандық артиллерияның тарихы туралы, совет артиллерияшылары-

және полковник Г. Т. Хорошилов артиллерияшылардың жауынгерлік өмірінен есте қалғандарын айтты.

Сыровай жаңты аралының және Сарен

Мальцев әдісі—өндірісте

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март Пленумдары елімізде ауыл шаруашылығының барлық салаларын, әсресе астық өндіруді шұғыл өркендету жөнінде айбынды міндеттер қойып отыр. Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игере берумен бірге ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымын арттырудың маңызы орасан зор. Сондықтан тың және тыңайған жерлерді игеру, егін шығымдылығын арттыру ісін еліміздің колхоздары мен совхоздары ғылымға негіздеп, советтік ғылым мен озат тәжрибелердің табыстарына сүйеніп ұйымдастыруда.

Курган облысындағы «Заветы Ленина» колхозының егіншісі, Шадрин ауылшаруашылық тәжрибе станциясының директоры, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Т. С. Мальцев топырақты өңдеуді көп жылдар бойы зерттеудің және практикалық жұмыстар жүргізудің нәтижесінде советтік агротехникалық ғылымның дамый түсуіне үлес қосты. Ол көпжылдық өсімдіктер сыяқты біржылдық өсімдіктердің де жерді органикалық жағынан байытып, топырақтың құрткесекті құрылымын жасай алатындығын өзінің ұзақ байқаулары мен терең зерттеулері арқылы дәлелдеп берді. Ол үшін біржылдық өсімдіктерден кейін де топырақтағы органикалық қалдықтар ауаның оттегі жеткіліксіздігінен шіритіндей жағдай керек екендігін дәлелдеп, топырақ өңдеудің жаңа системасын қолдануды ұсынды.

Жаңа система бойынша парға жыртылған егіндік жерді қайырмасыз плугпен 40—50 сантиметр тереңдікте қопсытып, одан кейін екі-үш жыл бойына дискелі сыдыражыртқыштармен жеңіл өңдеу жүргізіледі. Сондай-ақ, Мальцев парды арамшөптен таза сақтауға ерекше назар аударады. Өйткені бұл өнімнің мол алынуына мүмкіндік береді. Топырақ өңдеуде Мальцев системасын қолдану егіннен тұрақты мол өнім алуды қамтамасыз ететіндігі істе дәлелденді.

Курган мен біздің облыстың жерінің топырақ құрылымы және ауа райы жөнінде айырмашылық өте аз. Сондықтан облыс егіншілері алдында алдағы жылдары дәнді дақылдар өсіруде озат әдісті кеңінен қолдану міндеті тұр. Қуанарлық бір нәрсе —біздің облыс бойынша жаңашыл әдісті іске қолдану жөнінде өткен жылдардың өзінде де едәуір жұмыстар істелді.

роном Ысқақов жолдастардың тәжрибелері ерекше көңіл бөлерліктей.

Мұнда Мальцев әдісіне тәжрибе жасау үшін өткен жылы гектарынан 17 центнерден өнім берген 113 гектар алаңның 77 гектары іріктеліп алынып, ол 8—10 сантиметр тереңдікте сыдыра жыртылды. Алаңның қалған жеріне тұқым бұрынғы әдіспен 20—22 сантиметр тереңдікте түренді плугпен жыртылып, жұмысталған соң себілді. Екі алаңға да себілген тұқым —бір сортты, себілген уақыты да —бірмезгіл. Нәтижеде сыдыра жыртылған жердің тұқымы дағдылы әдіспен жыртылған жердегіден үш күн бұрын көктеді және күз сыдыра жыртылған жердің әр гектарынан өнім 3 центнер артық алынды.

Совет, Майбалық және Ворошилов МТС-тері қамтуындағы колхоздар сыдыра жыртылған алаңның әрбір гектарынан 2—4 центнерден қосымша өнім алып отыр. Облысымызда Мальцев әдісін өндірісте қолданып, оның тұрақты мол өнім беретіндігін өз тәжрибелерінде анықтаған егіншілер көптеп саналады. Олар осы әдістің алдағы жылы да кең қолданылуы үшін кәзірдің өзінде елеулі әзірліктер жасады. Келесі жылы облысымызда Мальцев әдісі бойынша егін салмаған бірде-бір МТС болмайды. Өйткені быйыл күз барлық МТС- терде де бұл әдісті алдағы жылы кең қолдануға бағытталған шаралар іске асырылды.

Быйыл тыңды сыдыра жырту жұмысын, әсресе «Пламя» колхозындағы (Октябрь ауданы) Лободы жолдас басқаратын трактор бригадасы ойдағыдай жүргізді. Мұнда 350 гектар жер сыдыра жыртылған. Бұл жер көктем кезінде қайырмасыз плугпен терең жыртылады. Сондай-ақ 388 гектар зябь қайырмасыз плугпен терең қопсытылды. Көктемде бұл жерлерге дәнді дақылдар егіледі.

Алдағы жылы Мальцев әдісінің өндірісте кең қолданылуы үшін Совет МТС-інде де келелі жұмыстар істелді. Кәзір МТС қамтуындағы колхоздарда 1500 гектар жер сыдыра жыртылған, 514 гектар зябь және 280 гектар пар қайырмасыз плугпен терең қопсытылған. Тек «Борьба за коммунизм» колхозының өзінде 230 гектар пар сыдыра жыртылған және 162 гектар зябь, терең қопсытылған.

Мальцев әдісінің ерекшеліктерін жете түсініп, өндіріске саналы түрде пайдала-

ғымен ілгері дамый түсуде. Совет артиллериясының даму тарихы Отанымыздың даму тарихымен, оның озат ғылымының гүлденуімен тікелей байланысты. Алғашқы артиллерия бөлімшелері 1917 жылы Қызыл гвардияда ұйымдастырылды. Олар контрреволюция күштерін талқандауға белсене қатынасты. Азамат соғысы жылдарында Коммунистік партия елімізде артиллериялық зеңбіректер өндіруді ұйымдастырды.

Империализмнің алғашқы шабуылы талқандалған азамат соғысынан кейін совет халқы бейбіт құрылысқа көшті. Коммунистік партияның дана саясаты Отанымыздың экономика жағынан жедел қарқынмен өркендеуін қамтамасыз етті. Алғашқы бесжылдықтар жоспарларының ойдағыдай орындалуы нәтижесінде құрылған қуатты индустрия Совет Армиясын озат, қуатты техникамен жабдықтап, оның қуатын нығайта беруге көмектесті.

Совет артиллериясы сан жағынан да, сапа жағынан да жыл сайын дамый түсті. Совет артиллериясының білімді, тәжрибелі және іскер кадрлары тәрбиеленіп шықты.

Совет артиллериясының керемет күш-қуаты 1941—1945 жылдардағы неміс-фашист әскерлеріне қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысы майдандарында айқын көрінді. Біздің артиллериямыз жаудың Ленинград пен Москваға ілгерілеуін тойтаруда Совет Армиясына зор көмек көрсете меңгерген кадрларды да тәрбиелеп өсірді. Артиллерия училищелері мен мектептерінде, артиллерия академиясында Отанымызға және туысқан Коммунистік партияға шексіз берілген, соғыс өнерін жете меңгерген офицерлер тәрбиеленуде.

Бір сөзбен айтқанда, совет артиллериясы дүние жүзіндегі ең күшті артиллерия болып саналады.

Совет мемлекетінің сыртқы саясаты—дүние жүзіндегі нағыз бейбітшіл саясат. Біздің Отанымыз бейбітшілік, демократия мен социализм лагерінің ту ұстаушысы болып отыр. Бүкіл дүние жүзінің адал ниетті адам баласы Совет мемлекетіне бейбітшілік тірегі деп, сеніммен қарауда.

Совет адамдары бейбіт жемісті еңбекпен шұғылданулы. Алайда біз империалистердің тіміскіленушілік әрекетін бір минут та естен шығармаймыз. Совет Қарулы Күштері және оның құрамды бөлегі — совет артиллерияшылары Отанымыздың, бейбітшілік пен халықтар хауіпсіздігінің қырағы күзетінде тұр. Олардың халық сенімін ақтап келгендігі және абройымен ақтай беретіндігі сөзсіз.

Социалистік Отанымыздың қырағы күзетінде тұрған совет артиллерияшыларының даңқы арта берсін!

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы —Совет Одағы Коммунистік партиясының даңқы арта берсін!

ның Ұлы Отан соғысы жылдарында жауынгерлік ерліктері туралы баяндамалар және лекциялар өткізілді.

Баяндамалар мен лекциялар Москваның кәсіпорындарында—Сталин атындағы автомобиль заводында, «Красный богатырь», «Манометр», «Москабель» заводтарында, бірінші Үлгілі баспаханада, Москваның М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінде, астананың басқа да кәсіпорындарында, мекемелері мен оқу орындарында өтті.

Бұл күндері клубтарда, үйлерде және Мәдениет сарайларында салтанатты мәжілістер өткізілуде, еңбекшілердің Совет Одағының Батырларымен кездесулері ұйымдастырылуда. Москвада, саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі Бүкілодақтық қоғамның Орталық лекторийінде совет артиллерияшыларына арналған кеш өткізілді. Артиллерия күні туралы генерал М. И. Михайлов баяндама жасады. Ұлы Отан соғысына қатысқан Совет Одағының Батырлары И. П. Долженков аралының (Эстон ССР-і) балық аулайтын колхоздары мен ауылшаруашылық артельдерінің колхозшылары артиллерия Күні туралы әңгімелерді зейін сала тыңдайды. Бұл колхоздардың бастауыш ДОСААФ ұйымдары Совет Армиясы ұрыстар жүргізген жерлерге экскурсияға баруды ұйымдастыруда.

Барлық жерлерде артиллерияшылардың өшпес даңқын бейнелейтін сурет көрмелері ашылуда. Киевтің офицерлер үйіндегі көрме артиллерияшылардың Сталинград, Корсун-Шевченковский түбіндегі, Берлинге шабуыл жасау кезіндегі ұрыстардағы ерлік істері туралы айтады. Владивосток клубтарының бірінде ДОСААФтың өлкелік Советі үлкен көрме ұйымдастырды. Көрмеде артиллерия, радио, әскери-теңіз, атқыштар және ПВХО тараулары бар бұларда армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғамның жұмысы бейнеленген.

(СОТА).

1952 жылы Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозы сортты тұқымды зябьке және сыдыра жыртылған жерлерге егу тәжрибесін жүргізді. Мұнда зябьке себілген жаздық бидайдың әр гектарынан —9,7 центнер, ал сыдыра жыртылған аңыздың гектарынан—10,3 центнер өнім алынды. Колхоздарда парға себілген тары мен зябьке егілген жаздық бидайдың гектарынан алынған өнім 11 центнерден болса, осылармен қатар сыдыра жыртылған өнім 12,2 центнер болды.

Сондай-ақ, сыдыра жыртылған аңызға егілген дақылдың зябь немесе көктемде жыртылған жерге егілген дақылдардан өнімді едәуір көп беретіндігін Мамлют ауданының Вильямс атындағы, Жданов атындағы, Каганович атындағы колхоздарының 600 гектар алаңға жүргізген үстіміздегі жылғы тәжрибесі де анықтап отыр.

Жаңа әдісті өндірісте сынау жөнінде Полудень ауданы, «Путь Ильича» колхозының председателі Сиғбатулин мен аг-

мамандары тамаша тәжрибелер жүргізуде. Мысалға Пушкин атындағы МТС-тің бас агрономы Архипов жолдастың басшылығымен Ленин атындағы колхоздың (Ленин ауданы) агрономы Надежда Ротова жолдастың жүргізген тәжрибесін алуға болады. Ол быйыл тәжрибелік 60 гектар жерді 20 гектардан үш участокке бөлген. Мұның бірі —40—45 сантиметр тереңдікте қайырмасыз плугпен жыртылған, екіншісі —сыдыра жыртылған, ал үшіншісі —20—22 сантиметр тереңдікте түренді плугпен жыртылған участок.

Ауыл шаруашылығы мамандарының жаңа әдісті өндіріске батыл және жергілікті жағдайды есептей отырып, қолдануы партиямыз бен үкметіміз алға қойып отырған астық молшылығын жасау күресінде табысқа жетуге зор үлес қосады.

Агроном Н. КОНДРАТЕНКО.

ССРО Конституциясы күні құрметіне

ЛЕНИНГРАД, 19 ноябрь. (СОТА). Қаланың кәсіпорындарында ССРО Конституциясы Күні құрметіндегі жарыс өрістей түсуде. Еңбекшілер бүкілхалықтық мерекені бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын асыра орындау жолындағы күресте жаңа табыстармен қарсы алуға әзірленуде.

«Красный выборжец» заводында металды шапшаң әдіспен өндірудің мастері — балқытушы В. Силин бірінші болып мереке алдындағы озат вахтаға тұрды. Ол бесінші декабрьге дейін еңбек өнімділігін 20 процент арттыруға, барлық балқытуды шапшаң әдіспен жүргізуге міндеттенді. Силиннің бастамасын А. Бабочкиннің балқытушылар бригадасы қолдады.

Кәсіпорнының коллективі Конституция Күнін тапсырманы едәуір асыра орындаумен қарсы алуды ұйғарды.

Сталин атындағы заводтың турбина жасаушылары Конституция Күніне дейін бу машиналарын шығару жөніндегі жылдық жоспарды орындауға және жетінші Куйбышев турбинасын мерзімінен бұрын жасап шығаруға міндеттенді. Қайрақшылар И. Каминский, В. Мякишев, Б. Краевский, Ю. Братов құрылыс бөлшектерін өңдеу мерзімін біржарым тәуліктен қысқартты. Жүздеген турбина жасаушылар тапсырманы екі есе орындауға жетісуде.

Өндіріс резервтері іске қосылуда

САРАТОВ, 18 ноябрь. (СОТА). Саратовтың «Серп и молот» заводы сентябрьде өнеркәсіп өндірісінің дәрежесін бесжылдықтың ақырғы жылына белгіленген дәрежеге жеткізді. 1950 жылмен салыстырғанда товарлы өнімнің өзіндік құны 45 процент кемітілді.

Москвалықтардың шақыруын талқылап, кәсіпорнының коллективі жалпы және товарлы өнім шығару жөніндегі бесжылдық жоспарды 1955 жылғы 20 декабрьде орындауға, еңбек өнімділігін 1950 жылғымен салыстырғанда 63 процент арттыруға міндеттенді.

Алынған міндеттемелердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру-техникалық шаралары қарастырылды.

Мал фермаларындағы жаңа техника

КУРГАН, 19 ноябрь. (СОТА). Курган облысы колхоздарының құрылыс бригадалары мен МТС-тері мал қыстату маусымына мыңға жуық жаңа мал қораларын дайындады, бұл өткен жылғыдан екі есе көп. Қатай ауданының фермаларында төрт қатарлы сыйыр қоралары салынды. Жаңа мал қораларында еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылған.

Көптеген ауылшаруашылық артельдерінде автоматты электрлі су қоймалары, универсалды мал азығын ұсақтағыштар орнатылған.

Мақта шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелері жөніндегі кеңес

ТАШКЕНТ, 17 ноябрь. (СОТА). Бүгін өзбектің Алишер Навои атындағы мемлекеттік опера және балет театрында мақта шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелері жөніндегі кеңес ашылды. Оның жұмысына Өзбекстанның, Тәжікстанның, Азербайжанның, Түркменстанның, Қазақстанның, Қырғызстанның және Арменияның 1200-ден аса партия және совет қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары, ғалымдары, ирригаторлары, колхоздар мен совхоздардың басшылары, озат механизаторлары, атақты бригадирлер мен звено бастықтары, ауылшаруашылық машина жасау кәсіпорындарының өкілдері қатысуда.

Кеңестің жұмысына бұдан бұрын Тәжікстан мен Өзбекстанның колхоздары мен совхоздарын аралаған СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас, сондай-ақ, Компартиялардың Орталық Комитеттерінің секретарьлары: Қазақстаннан —П. К. Пономаренко жолдас, Өзбекстаннан —А. И. Ниязов, жолдас, Тәжікстаннан — Б. Ғ. Ғафуров жолдас, Азербайжаннан — И. Д. Мустафаев жолдас, Түркменстаннан —С. Бабаев жолдас, Қырғызстаннан —И. Р. Раззаков жолдас, Армениядан —С. А. Товмасян жолдас; Министрлер Советтерінің председательдері: Өзбек ССР-нан—У. Ю. Юсупов жолдас, Қазақ ССР-нан —Е. Б. Тайбеков жолдас, Тәжік ССР-нан — Д. Расулов жолдас, Түркмен ССР-нан — Б. Овезов жолдас, Қырғыз ССР-нан— А. Суерқұлов жолдас, Армян ССР-нан —А. Е. Кочинян жолдас; Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Л. И. Брежнев жолдас, ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарларының министрі Н. С. Рыжов жолдас және басқалары қатысуда.

Кеңесті Өзбек ССР Министрлер Советінің Председателі У. Юсупов жолдас ашып, қысқаша кіріспе сөз сөйледі.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «1954—1958 жылдарда Өзбек ССР-нде мақта шаруашылығын онан әрі өркендету туралы» қаулысының орындалуының барысы жөнінде Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары А. И. Ниязов жолдас баяндама жасады.

* * *

ТАШКЕНТ, 18 ноябрь. (СОТА). Мақта шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелері жөніндегі кеңестегі өзінің баяндамасында Өзбек ССР Компартиясы Орталық Комитетінің секретары А. И. Ниязов мақта шаруашылығын онан әрі өркендетуге партия мен үкметтің зор көңіл бөліп келгенін және бөліп отырғанын атап көрсетті.

1953 жылы республикада мақта өндіру соғыстан бұрынғы 1940 жылдағымен салыстырғанда 70 проценттен аса артты. Алайда мақта өндірудің қол жеткен дәрежесі еліміздің халық шаруашылығының қажеттерінен әлі де артта қалып келеді.

Быйылғы жылдың өзінде-ақ республикамыздың алдына шитті мақта өндіруді 1953 жылдағымен салыстырғанда 600 мың тонна арттыру, сөйтіп мемлекетке тапсырылатын мақтаның жалпы мөлшерін 3 миллион тоннаға дейін жеткізу міндеті қойылды. Осы мақсатта суармалы жерлерде мелиорацияны жақсарту және басқа шаралармен бірге мақта егісінің көлемі жоспарға қосымша 140 мың гектар ұлғайтылды.

Быйылғы жылдың көктемінде және жаздың алғашқы жартысында болған ауа райының қолайсыздығын жеңе отырып, мақташылар мақта дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындауға мүмкіндік беретін бітік өнім өсірді. 15-ноябрьге дейін мемлекетке өткен жылғы осы уақыттағыдан 205 мың тонна шитті мақта артық тапсырды. Дайындалған мақта түгелдей дерлік жоғары сортпен қабылданды.

Бірақ республиканың ауыл шаруашылығына басшылық етуде елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Өзбекстанның колхоздары мен совхоздары егіннің барлық өнімін жыйнауды аяқтау және мақта дайындаудың мемлекеттік жоспарын үстіміздегі жылдың 20 ноябріне дейін орындау жөніндегі Одақтық үкметтің тапсырмасын орындамады.

Мақта өнімінің бір бөлегінің кеш пісуіне басты себеп мынау болды: республикада мақта жыл сайын көктемде жыртылған жерлерге егіліп жүр, өйткені зябь жырту жұмыстары орындалмай қалады. Зябь жырту жоспары быйылғы жылы да 10 ноябрьге дейін бүкіл республика бойынша небары 6 процент орындалды. Ал оның бержағында, республика МТС-тері мен совхоздарындағы трактор паркі күніне кемінде 50-55 мың гектар жер жыртуға мүмкіндік береді.

Кәзіргі міндет мынада: егіс даласында қалған мақтаны жыйнауды тездету және зябь жырту жұмысын агротехникалық жоғары дәрежеде жүргізу болып табылады. Келесі жылы мақта шаруашылығының ғалымдар мен практиктері өсірген анағұрлым тез пісетін және мол өнім беретін жаңа сорттарды көбейтіп, өндіріске енгізуге кірісу қажет.

Шитті мақта өндіруді арттыру суармалы жерлердің көлемін онан әрі ұлғайтуға байланысты. Республиканың 1958 жылға белгіленген егіс көлемін 600 мың гектар арттыру жөніндегі программаны 1955 жылдың өзінде-ақ мерзімінен бұрын орындауына барлық мүмкіншіліктері бар.

Баяндамашы мақта шаруашылығын өркендетуге байланысты мәселелерді жедел шешпей отырғаны үшін ССРО ауыл шаруашылығы министрлігі мен ССРО көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігін сынады.

Соңғы жылдарда Өзбекстанда ауыл шаруашылығын механикаландыру ісінде елеулі табыстарға қол жетті. Бірақ мақта өндіруді онан әрі ұлғайтудың мүдделері қолда бар техниканы пайдалануды недәуір жақсартумен қатар таяудағы екі жыл ішінде мақта өсіру мен шитті мақта жыйнауды комплексті механикаландыру ісін аяқтауды талап етеді.

Өзінің баяндамасының қорытындысында Ниязов жолдас республиканың партия, совет және ауылшаруашылық органдары мақта өсірудегі кемшіліктерді мүмкінінше тез жоюға, партия мен үкмет белгілеген мақта шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі программаны орындап шығуға барлық күш- жігерін жұмсайды, деді.

* * *

Ниязов жолдастың баяндамасынан кейін кеңеске қатысушылар ғылми- зерттеу мекемелерінде болып, онда мақта шаруашылығын комплексті механикаландыруға арналған жаңа машиналармен танысты.

* * *

ТАШКЕНТ, 18 ноябрь. (СОТА). Мақта шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелері жөніндегі кеңеске қатысушылар бүгін таңертеңнен бастап ғылми мекемелердің жұмысымен танысты, мақта шаруашылығының Бүкілодақтық ғылми-зерттеу институтының орталық селекция станциясында болды.

СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас станция қызметкерлері мен мақта шаруашылығына озат агротехникалық әдістердің, атап айтқанда, шаршы- ұялы егу әдісінің енгізілуі, сондай-ақ еңбек көп кететін жұмыстардың және мақтаның тез пісетін, өте тиімді сорттарын өсірудің комплексті механикаландырылуы жайында әңгімелесті.

Кешкі сағат 6-да өзбектің Навои атындағы мемлекеттік опера балет театрында Ниязов жолдастың баяндамасын талқылауға арналған кезекті мәжіліс болды.

(Соңы 2-бетте).

Советтік сот системасы—дүние жүзіндегі ең демократияшыл система

Коммунистік партия өз қызметінің бүкіл барысында пролетариат диктатурасы жөніндегі мәселеге шешуші маңыз беріп келді. Өйткені пролетариат диктатурасынсыз социалистік революцияны жүзеге асыру, социализм құрылысын жүргізу тіпті де мүмкін емес. Жұмысшы табы мен шаруалардың диктатурасы —Совет мемлекеті өзінің қазіргі жағдайда, елімізде коммунистік қоғам орнату үшін ұлы күрес жүріп жатқан жағдайда да өте қажет. Өйткені Совет мемлекеті коммунизм құрып жатқан совет халқының бейбіт еңбегін ССРО-ны қорғаған империалистік елдердің басқыншылығынан, шабуылынан, олардың ССРО ішінде жүргізуге тырысқан шпиондық, диверсанттық және басқа жауыздық әрекеттерінен қорғау үшін керек.

Совет мемлекетінің міндеттерін орындайтын органдардың бірі совет соты болып табылады. Ол ССРО еңбекшілерінің Советтік Конституцияда бекітілін берілген ұлы праволарын қорғауға, мемлекеттік тәртіпті сақтауға және нығайтуға, социалистік қоғамның ережелерін азамат тардың орындап отыруын жадағалауға қысқасы совет заңының бұлжымастан жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мұндай міндеттерді жүзеге асыруда совет соты өзінің ұйымдасқан күшінен бастап зор қызмет атқарды. Азамат соғысы және шетел интервенциясы кезінде әлі жас, жаңа ғана ұйымдасқан совет соты елміздің тылын нығайту жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізді. Советтік демократияның тәртіптерін үнемі нығайтып отыру үшін күресті.

Совет соты елімізде социализм құрылысына қызу кірісілген кезде орасан зор роль атқарды. Пролетариат диктатурасының күшті құралдарының бірі ретінде ол совет халқының еркін жүзеге асыра отырып, даму жолымыздағы кедергілерді жоюда белсенділік көрсетіп отырды. Совет соты құлақтарды тап ретінде жоюда ерекше қызмет атқарды. Ол тек жазалау органы ғана емес, сонымен бірге еңбекшілерге тәрбие беретін де орган болып табылады. Өйткені совет соты сыныпты басқа да мемлекеттік аппараттардан құралатын Совет мемлекетінің бір функциясы еңбекшілер арасында мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізу екені мәлім. Сондықтан да совет соты өзінің бұл функциясын да әброймен орындап келеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында да совет соты майдан мен тылдың бірлігін арттыру жолында, советтік қуатты тылды нығайту жолында, совет адамдарының жауынгерлік, патриоттық сезімдерін арттыруда, жандай ғана болмасын үрейленушілікке қарсы, тәртіп бұзушылыққа қарсы, жауларды ел ішіндегі бүлдіршілік әрекеттеріне қарсы аяусыз күрес жүргізуде лайықты қызмет істеді.

Кәзіргі жағдайда, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күрес жағдайында совет сотының маңызы бұрынғы негрлерді тек терілерінің қаралығы үшін ғана құлындайды. Тіпті американ империалистері негрлерді соттап жатудың қажеті жоқ, әрбір американдық кез- келген негрді өлтіре беруге болады, деп есептейді. Мұны орындау үшін олар сотқа ешбір қатысы жоқ «Линч соты» дегенді бетке ұстап келеді.

Ал Англияда капиталистердің қылмыс ты ісі жалпы сотта қаралмайды. Олар үшін лордтар палатасы жанынан арнаулы сот құрылған.

Советтік сот құрылысының тағы бір демократияшылдығы —халық судьялары мен халық заседательдерінің сайланатындығында. ССРО Конституциясының 109-шы статьясына сәйкес, халық судьялары мен заседательдерін сайлау жалпыға бірдей, тәтеше және тең праволылық негізінде ССРО азаматтарының жасырын дауыс беру тәртібімен өткізіледі.

Халық судьялығына және халық заседательдігіне сайлауға правосы бар және сайлау күніне дейін 23 жасқа толған әрбір ССРО азаматы сайлануға праволы.

Ал буржуазиялық мемлекеттерде жағдай мүлде басқаша. Бұларда судьялар әдетте сайланбайды, тағайындалады. Кейбір капиталистік елдерде (АҚШ-тың кейбір штаттарында) судьялар «сайланғанымен» сайлаудың нәтижесінде судьялық орында ірі өнеркәсіп иелерінің өкілдері отыратын болып шығады. Өйткені өнеркәсіп иелері көптеген қаржы жұмсап, сайлаушылардың дауыстарын сатып алып отырады. Мұндай қулық-сұмдықтардың нәтижесінде судья болғандар, әрине, халық мүддесі үшін емес, капиталистердің мүддесі үшін қызмет етеді.

Дәл осындай «әділ» заседательдер де сайланады.

Совет сотының өзіне тән ерекшелігі және маңызды принциптерінің бірі — әділ сотты жүзеге асыруға еңбекшілердің тікелей қатысуы. Біз өзіміз соттауымыз керек, азаматтар сотқа және елді басқаруға жалпай қатысуға тиіс, деп көрсетті В. И. Ленин 1918 жылдың өзінде.

ССРО-ның барлық соттарында қылмысты істер де, азаматтық істер де халық заседательдерінің қатысуымен қаралады. Халық заседательдері соттың тең праволы мүшелері болып табылады Олардың судьялардан айырмашылығы тек өз міндеттерін ұжымша, кезекшесін, әрқайсысы жылына он күннен атқаратындығында.

Капиталистік елдерде азаматтар сот ісіне қатыстырылмайды. Буржуазиялық сотта негізгі қызметті сот чиновниктері— «түбірлі судьялар» атқарады. Сот жұмысына заседательдер қатыстырылған күнде олардың ролі айыпкердің айыптылығы туралы мәселе жөнінде өзінің не мақұл дауын, не мақұлдамауын айтуға ғана барып тіреледі. Мұнда да заседательдер қанаушылардың, капиталистердің мүддесін қорғап отырады.

Тәуелсіздігі судьялардың өз қызметтеріне қандай да болмасын ықпал жасаушылықтан еркін, бос болуымен қамтамасыз етілген. Алайда совет судьяларының тәуелсіздігін олардың социалистік мемлекеттен тәуелсіз болуы деген мағнада түсінуге болмайды. Совет соты —социалистік мемлекеттің органы. Совет сотының коммунистік қоғам орнату ісінен басқа ешқандай да іске бола қызмет етуі, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатынан басқа саясатты жүргізуі, совет халқының талабынан, еркінен басқа қандай да болмасын талапты, ерікті жүзеге асыруы тіпті де мүмкін емес.

Капиталистік елдердегі соттың тәуелсіздігі жөнінде айтуға да болмайды. Өйткені буржуазиялық мемлекеттерде судьялардың қызметін бағалау олар қаратан істердің нәтижелерімен өлшенеді.

Совет сотының демократияшылдық сыйпаты оның ұйымдасуынан ғана емес, сонымен бірге оның қызметінен де көрінеді. Совет соты қылмысты, азаматтық істерді ашық сот мәжілісінде қарайды. Бұл мәжіліске кез келген азамат еркін катыса алады. Соттың жариялылығының сот істерін дұрыс және әділ шешуде зор маңызы бар. Сот істерін халықтың қатысуымен қарау совет сотының аса маңызды демократиялық принциптерінің бірі болып табылады.

Капиталистік елдерде жариялылық принципі тек формальді түрде ғана жүзеге асырылады. Ал іс жүзіне келгенде, бұл принцип үнемі бұрмаланып отырылады. Сот мәжілісі жүріп жатқан залға капиталистік елдерде азаматтар тек пропускілер арқылы ғана жіберіледі. Ал мұндай пропускілер тек қана үстем тап өкілдеріне беріледі. Бірқатар буржуазиялық заңдарда «киімдері нашар адамдар сот залына жіберілмесін» деген тура нұсқау да бар. Осының өзі еңбекшілерді сот мәжілісіне қатыстырмауды көздегендік болып табылады.

Социалистік әділ соттың демократиялық принциптерінің бірі айыпкердің қорғануға праволы болуы болып табылады. Совет заңы айыбы жоқ адамдарды орынсыз жазаға ұрындырмау үшін айыпкер адамға өзіне тағылған айыптан қорғануға право береді. Айыпкер өзіне қандай айып тағылғанын анық білуге праволы. Айыптаудан қорғану правосы ССРО Конституциясының 111-статьясында жазылған.

Капитал елдерінде адвокаттың көмегі едәуір ақша шығындарының жұмсалуымен байланысты. Ал бұл жағдай еңбекшілердің қаражаттары жетпегендіктен әдетте өздеріне тағылған айыптан қорғануына мүмкіндік бермейді.

Совет мемлекеті әрбір азаматтың правосына заңсыз түрде шек қойылмауын, бірде- бір азамат өшбір негізсіз сот жазалаушылығына тартылмауын, соттағы шығарылатын айыптау үкімінің тек қана айыпкердің айыбы күмәнсіз дәлелденген күнде ғана жариялануын қадағалап отырады.

Халық соттарының сайлауына әзірлік

Үгітшілер сайлаушылар арасында

БҰЛАЕВО. Чистов совхозында халық соты сайлауы алдындағы бұқаралық-саяси жұмыс кең өріс алды. Онүйліктерде және алыстағы мал фермаларында бригадаларда сайлаушылар арасында 87 үгітші дауыстан газет оқып, ССРО Конституциясы және Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы ереже жөнінде әңгімелер өткізіп жүр. Бұлардың көпшілігі коммунистер мен комсомолецтер.

Жөндеу мастерскойындағы үгітші коммунист Шестяриков жолдас механизаторлар арасында советтік сайлау системасы жөнінде екі рет әңгіме өткізді. Ол соңғы әңгімесін сайлау күнін еңбектегі табыс тармен қарсы алу жөніндегі міндеттемелерін орындалуымен байланыстырды. № 3 бөлімшедегі үгітші комбайншы Мищенко жолдас ауылшаруашылық саймандарын жөндеушілер арасында үш рет әңгіме өткізді.

Партия ұйымы сайлау алдындағы бұқаралық- саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде үгітшілердің семинарын өткізді. Үгітшілер газет, журналдармен, «үгітші блокноттарымен» толық қамтамасыз етілді. Үгіт пункті тарапынан да үгітшілерге қажетті көмек көрсетілуде. Онда үгітшілер үшін кеңес-семинарлар ұйымдастырылып, оларға қажетті әдебиеттер ілістелген.

Совхозда төрт үгіт пункті құрылды. Үгіт пункттерінің меңгерушілігіне бұқаралық- саяси жұмысты жүргізуде тәжрибелі адамдар тағайындалған. Орталық үгіт пункті жақсы жабдықталған. Мұнда сайлау науқанына материалдар жеткілікті. Үгіт пункттің меңгерушісі коммунист Б. Протопов жолдас үгітшілердің жұмысына сот сайлауы жөнінде арнаулы әдебиеттердің көмелерін, мүйістер ұйымдастыру арқылы көмектесуде. Жақында үгіт пунктінде жас сайлаушылардың кеші өткізілмек.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Сайлау өткізуге арналған кеңес

Таяуда Петропавл аудандық партия комитетінде халық судьялары мен халық заседательдерінің сайлауына әзірлік және оны ойдағыдай өткізу мәселесіне арналған аудандық кеңес болып өтті. Кеңеске колхоз, МТС бастауын партия ұйымдарының секретарлары, активтері, сайлау пункттерінің меңгерушілері қатынасты.

Кеңеске қатысушылар А. Михайлова жолдастың «Сайлау науқанының ұйымдастыру жұмыстары», ҚКП аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Г. Абросимов жолдастың «Халық соттарының сайлауы алдындағы саяси үгіт» туралы баяндамаларын тыңдады. Кеңесте 8 адам сөз сөйлеп, сайлау

Мақта шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелері жөніндегі кеңес

(Соңы. Басы 1 -бетте)

Бірінші болып Тәжікстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Ғафуров жолдас сөз алды. Тәжік ССР-ның социалистік егіс даласының еңбекшілері, деді ол, үстіміздегі жылы мемлекетке мақта тапсыру жоспарын орындап шығуға кәпіл бола алатын мол өнім өсірді. Пайдаланғанда жұмыстың табысты болуына жеткізетін резервтердің бірі—мақта өсімдігінің қалың болып биік өсуі және егісті тар қатараралықта орналастыру болып табылады. Ғафуров жолдас өсімдіктерді шарына-уялы әдіспен; ал қатараралығын 45 сантиметр етіп орналастыруды қолданудың ойдағыдай тәжрибесін сыйпаттаған мәліметтер келтірді. Тәжік ССР-нің мақташылары таяу жылдардың ішінде барлық жерлерде дерлік егінді осындай қатар аралықта егуге көшуді белгілеп отыр.

Шешен озат шаруашылықтардың тәжрибесін кәпар зерттейтіні, өздеріне тиімді екендігін дәлелдеп берген агротехникалық жаңа тәсілдерді өндіріске батыл енгізбей отырғаны үшін ғылми мекемелер мен ССРО Ауыл шаруашылығының министрлігін сынады. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі, деді одан әрі Ғафуров жолдас, Тәжік ССР-інде мақта шаруашылығын жаңадан өркендетуді белгілейтін қарар қабылдады. Өздерінің мүмкіншіліктерін есептей отырып, республиканың ауылшаруашылық еңбекшілері 1960 жылға дейін мақтаның шығымдылығын гектарына 40 центнерге дейін арттыруға, 1960 жылы мемлекетке осы қарарда белгіленгендегіден бір миллион тонна артық шитті мақта тапсыруға міндеттеме алды.

Трибунаға Ташкент облысының Кагановичатындағы колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Түрсынқұлов жолдас шықты. Ол мақта өсіру агротехникасының көптеген мәселелерін ғылми тұрғыдан шешу қажеттігі туралы айтты. Мақтадан мол өнім өсірудің шебері мақтаның өсуі мен пісіп жетілуінің әртүрлі кезеңінде оны қоректендіру режимдерін белгілеген халықтық тәжрибені әрттеуді ұсынды. Түрсынқұлов жолдас егісті суаруға ерекше көңіл бөлу жөнінде кеңес беріп, суарғанда топырақтың ерекшеліктерін және өсімдіктің қажеттерін ескеру қажеттігін айтты.

Азербайжан ССР Уджар ауданының Микоян атындағы ауылшаруашылық әртелінің председателі Мамедова жолдас, Ташкент облысы, «Малек» совхозының директоры Ибратимов жолдас, Өзбек ССР-ніқ Пятилетие атындағы совхозының мақта жылнау машинасының атақты механик-жүргізушісі Мұратов жолдас өздерінің сөздерін мақта өсірудің механикаландырылуы мен агротехникасының дәрежесін онан әрі арттыру мүмкіндіктеріне арнады.

Жарыссөзде мұнымен қатар Қырғыз ССР Араван ауданының Молотов атындағы колхозының бригадирі Анаров жолдас, Қашқа- Дарья облыстық партия комитетінің секретары Курбанов жолдас және басқалары сөйледі.

Кеңес өзінің жұмысын онан әрі жүргізуде.

Москвалықтардың шақыруымен

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Белоусов руда басқармасы кәсіпорындарының коллективтері ноябрьдің соңғы бес күндігінің есебіне руда және концентраттар өндіруде. Олар жыл басынан бері өнімнің өзіндік құнын кемітү арқылы мемлекеттің төрт миллион сомнан аса қаржысын үнемдеді.

Белоусовканың кәншілері мен байытушылары москвалықтардың патриоттық шақыруына қызу ұн қосты. Олар бесжылдық программаны бүкіл өндіріс циклі бойынша 1955 жылғы 5 декабрьге дейін орындауға міндеттеме алды. Кен шығаратын жерлерді проходкалаудың жедел әдістерін игеру, компрессор станциясының қуатын арттыру және басқа бірқатар шараларды жүзеге асыру ұйғарылды.

БАЛҚАШ. (ҚазТАГ). Балқаштың түсті прокат заводының коллективі бесжылдықтың аяғына жоспарланған өндіріс дәрежесіне жетті. Кәзір кәсіпорынның барлық цехтары өндірістік тапсырмаларды асыра орындайды, ал заводтың 400 озат жұмысшысы келесі жылдың есебіне өнім беруде. Түсті прокаттың өзіндік құнын кемітуден мемлекеттің миллиондаған сом қаржысы үнемделді.

Москвалықтардың үлгісімен Балқаштың прокатшылары бесінші бесжылдықтың программасын 1955 жылғы 1 майға дейін орындауға міндеттенді.

Озат машина-экскаватор станциясы

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Талдықорған машина-экскаватор станциясының коллективіне ойдағыдай жұмыс істегені үшін КБОС пен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыспалы Қызыл туы мен бірінші ақшадай сыйлық тағы да берілді. Бұл —соңғы екі жылда станцияға берілген жетінші сыйлық.

алғыстар айтуда. Коллекторлық- құрғату орындарын дер кезінде тазартып отырудың арқасында механизаторлар күріштілерге егістіктердің батпаққа айналуына жол бермей, күріштен жақсы өнім өсіруге көмектесті. Олар Алматы және Талдықорған облыстарының Қаскелең, Жамбыл және басқа аудандарының колхозшыларына

дың бүкіл барысында ол өзінің нағыз демократияшыл сот екендігін көрсетті.

Совет сотының дүние жүзіндегі ең демократияшыл сот болуы неде?

Біріншіден, совет сотының ұйымдасу принципі демократиялық принципке негізделген.

Советтің әділ сотының демократизмі е алдымен мынада: ол (әділ сот) әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық текстеріне, әл- ауқаты мен қызмет бабына қарамастан барлық азаматтарға бірдей және тең сот арқылы жүзеге асырылады.

Капиталистік елдерде халықтың бәрін бірдей, тең сот жоқ. Өйткені олардағы сот еңбекші халықтың мүддесі үшін емес, қанаушы таптардың, капиталистердің мүддесі үшін қызмет етеді. Себебі өкімет билігі еңбекші таптың қолында емес, қанаушылардың қолында. Сондықтан да капиталистік елдердегі сот ешқашан да әділ сот бола алмайды.

Мәселен, АҚШ-та ұлттық, нәсілдік дискриминация етек алған нәрсе. Мұнда ССРО Конституциясында көрсетілген әртүрлі ұлттардың өзара тең праволылығы негізінде сот жүргізу ісі Совет Одағында жергілікті халықтың тілінде жүзеге асырылады. Мұның өзі мемлекеттік тіліміз—орыс тілін білмейтін адамдардың сот материалдары жөнінде өзінің ана тілінде өз ойын тілмәш арқылы толық баяндауына мүмкіндік береді. Мұндай тәртіп тек совет сотында ғана бар және бұл тәртіп соттың халықпен тығыз байланысын, оның халыққа түсінікті және жетімді болуын қамтамасыз етеді.

Империалистік мемлекеттер отарлап алған елдерде сот жергілікті халықтың басым көпшілігіне жат және түсініксіз тілде, отаршылар тілінде жүргізіледі. Мұндай жағдайда айыпкердің, көбінесе, өзіне тағылған айыптаудан қорғануына мүмкіндік бермейді.

Советтік сот системасының конституциялық маңызды принциптерінің бір судьялардың тәуелсіздігі мен олардың тек заңға ғана бағынатындығы болып табылады. ССРО-да әділ соттың шын мәніндегі

Социалистік әділ соттың әділдік сыйпаты мынаған байланысты: совет соты бүкіл халықтың мүддесін қорғайды.

Міне, осының бәрі советтік сот системасының дүние жүзіндегі нағыз демократияшыл система екендігін толық дәлелдейді.

Қазақ ССР халық соттарының сайлауына санаулы- ақ күндер қалды. Қазір совет еңбекшілері халық судьялығы мен халық заседательдігіне халықтың таңдаулы ұлдары мен қыздарының кандидатурасын ұсынып жатыр. Алдымыздағы сайлау бұдан бұрын өткен сайлаулар сыяқты аса зор маңызы бар саяси науқан болып табылады. Мұнда Совет Одағы халықтарының туысқандық бірлігі, олардың Коммунистік партия мен Совет Үкметінің маңына бұрынғыдан да берік топтасқандығы, коммунистер мен партияда жоқтардың мызғымас берік блогінің жеңімпаздығы тағы да айқын көрінетіні сөзсіз.

К. САУРАНБАЕВ.
Облыстық соттың мүшесі.

науқанына әзірлікті ойдағыдай жүргізу және сайлауды зор саяси өрлеу үстінде өткізу жөнінде өзара пікір алысты.

З. ӘБДЕШОВ.

Сайлауға әзірленуде

Қалада Қазақ ССР халық соттарының сайлауына қызу әзірлік жұмыстары жүріп жатыр. Қала бойынша барлығы 43 үгіт пункті ұйымдастырылды. Жақында ҚКП қалалық комитеті үгіт пункттері меңгерушілерінің семинарын өткізді. Мұнда қалалық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Силин жолдас сайлауға әзірлік жұмыстарын жүргізуде және оны өткізуде үгіт пункттерінің міндеттері жөнінде баяндама жасады.

Сонымен қатар темір жол бөлімшесінде үгітшілердің кусталық семинары өткізілді.

Д. ӘБІЛОВ.

...лары бесжылдық жоспарда көзделген тапсырманы үш жыл тоғыз айда орындап шықты. Үстіміздегі жылы механизмдердің бірқалыпты жұмыс істеп, еңбек тәртібінің нығайтылуы нәтижесінде жаңадан еңбек өнімділігі арттырылып 1.700 мың сом қаржы үнемделді. Қаратал өйпатының күріішілері станцияның жұмысы үшін алды.

...көмектесті.

Москвалықтардың шақыруына жауап ретінде машина-экскаватор станциясының коллективі машиналарды жөндеуді Совет Армиясы күніне, ал 1955 жылдың жоспарын 1 октябрьге орындауға міндеттеме

Завод және мектеп

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Іс заводтың бір топ инженерлері мен жұмысшыларының мектепке келуінен басталды. Өндірісшілер политехникалық оқу программасына және оны жүзеге асыру мүмкіндіктеріне назар аударды. Оралдың Землячка атындағы былғары заводының коллективі мен қаладағы № 9 орта мектептің педагогтері мен оқушыларының арасындағы достық осылай қалыптасты. Кәсіпорын мастерской салып, оны жабдықтауда мектепке көмек көрсетуді ұйғарды. Қажетті аспаптар мен материалдардың тізімдегі саны жүзден асып кетті. Заводта мектеп мастерскойына арналып, бірнеше столярлық станок, слесарлық аспаптардың бір комплектісі жасалды. Оқушылар өндіріске бірінші рет экскурсия жасады. Жоғары кластарда оқыйтын көптеген оқушылар кәмелеттік аттестат алғаннан кейін былғары жасаушының мамандығын алуды ұйғарды. Мектеп жанынан автомашина мен трактор жүргізуді үйрену үйірмелері құрылды. Үйірмелердің сабағын заводтың инженер-техник қызметкерлері басқарады.

Бүкілхалықтық мейрам

Отанымыз Артиллерия күнін оныншы рет мейрамдап отыр. Бұл күн 1942 жылғы 19 ноябрьдегі тарихи күнмен тікелей байланысты, өйткені сол күні артиллерия өзінің жойқын түйдек-түйдек атысымен қолдаған үш майданның әскерлері Сталинград түбінде жауға қарсы шабуылға шығып, соның нәтижесінде Гитлердің 330 мың әскері талқандалған болатын. Жұртқа мәлім, бұл шайқас дүниежүзілік екінші соғыста бетбұрыс кезең болды.

Бұл жеңіске жеткеніміз кездейсоқ емес Ол —аса қуатты қаруды— артиллерияны жасап берген совет халқының орасан зор игілікті жұмысының нәтижесі.

Орыс артиллериясы 600 жылдай уақыттан бері өмір сүріп келеді. Оның дамуының бүкіл тарихы —ол осы салада шетелдерде туған жаңалықтың бәрінен әрқашан да озық болған орыс ғылымы мен техникасының өсіп, дамуының тарихы.

XV және XVI ғасырларда Москвада, Галичте және Россияның басқа қалаларында зеңбірек құю ісінің өркендеуі жоғары дәрежеге жетті. Орыстың артиллерияшы шеберлері Булгах Новгородовтың, Игнатьевтің, Степан Петровтың және 1586 жылы өз заманындағы орасан үлкен зеңбіректі — «зеңбірек патшасын» құйған атақты Андрей Чеховтың есімдерін тарих ардақтап сақтап келеді.

Полктік артиллерия Россияда батысевропалық мемлекеттерден 50 жыл бұрын жасалды. Атты әскер артиллериясын жасауда Петр I Пруссиядан жарты ғасыр озып шықты.

Орыстың ұлы қолбасшылары Петр I, Суворов және Кутузов бастаған артиллерияшылар жауға қарсы ұрыстар мен шайқастарда өздерін жауынгерлік даңққа бөледі. 1812 жылғы Отан соғысының шайқастарында өз солдаттары мен офицерлерінің едәуір бөлегін орыстардың артиллериясы талқандағанын Наполеонның өзі де мойындауға мәжбүр болды.

XIX ғасырдағы орыс артиллериясының тарихында артиллерия ғылымы мен техникасы саласында бірқатар өнертабыстар жасалды. Орыс металлургтері П. Аносов пен П. Обухов жоғары сапалы зеңбірек болатын жаппай өндіру әдістерін тапты. Артиллерия академиясының профессоры Д. Чернов Россиядағы металл зерттеу және металлография ғылымының негізін қалаушы болды. Бұл академияның басқа профессорлары да артиллерия қару-жарағын дамытуға ерекше нәтижелерге жетті. А. Гадолин бір-бірімен қабысқан көп қабатты зеңбірек стволдарының теориясын жасады, Н. Маевский мен Г. Забудский бұрандалы артиллерияның сыртқы және ішкі баллестика мәселелерін шешті. Артиллерияшылар А. Засядько мен К. Константинов ұрыс ракеталарын жасаудың және қолданудың авторлары болды. Порт- Артурды қорғаушылар дүние жүзіндегі тұңғыш минометті жасап, оны жақын шайқастың қаруы ретінде ойдағыдай қолданды.

1909 жылы Россияда дұшпан батареяларының атылған дыбысына қарап, олардың координатын анықтауға мүмкіндік беретін дыбыс тіркегіш станция жасалды 1915 жылы Путилов заводы сол кездегі ең жақсы 76 миллиметрлі зенит зеңбірегін жасап берді.

Орыс адамдары өздерінің творчествосымен артиллерияны дамытуға зор үлес қосты. Бірақ патша чиновниктерінің топастығы және самодержавиелік Россияның экономикалық жағынан артта қалуы салдарынан бұл саладағы жаңалықтар көп жағдайда қолданылмай келді.

* * *

Совет Армиясының біртұтас құрамды бөлегі —артиллерия Коммунистік партия мен Совет Үкметі тарапынан тынбастан көңіл бөлініп, қамқорлық жасалуы арқасында құрылып, дамытылды және оның қуаты бұрын болмаған дәрежеде арта түсті. Азамат соғысының сұрапыл жылдарында құрылған артиллерия орыс армиясының артиллериясында болған игі жақсының, озаттықтың бәрін қабыл алып, творчестволықпен меңгерді, сөйтіп өзінің алдында тұрған міндеттерді абройменн орындап шықты.

Азамат соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Коммунистік партия мен Совет үкметі, Отанымыздың қорғаныс қуатын нығайта отырып, әскерлердің артиллерия сыяқты аса қуатты түрін дамытуға ерекше көңіл бөліп келді.

Егер буржуазиялық соғыс ғылымсымағы дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін танктер мен авиацияны ерекше дамытуға негізгі үмітін артып келген болса, советтік соғыс ғылымы қазіргі заманғы соғыста артиллерияның атқаруға тиісті ролін өте дұрыс белгілеп берді. Осының нәтижесінде әскерлердің басқа түрлерін ұштастырып дамытумен қатар біздің артиллериямыз да жедел қарқынмен онан әрі жетілдірілді.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтардың жоспарларын ойдағыдай орындап, совет халқы сонымен бірге артиллерияны жаңа материалдық құралмен қамтамасыз етті. Талантты артиллерияшы -конструкторлар В. Г. Грабин, Ф. Ф. Петров және басқалары артиллерия қару- жарағының жаңа түрлерін жасаушылар болды. Соғыс басталғанға дейін реактивтік қару- жарақ проблемасы ойдағыдай шешіліп, соның нәтижесінде біздің артиллериямыз конструкциясы өте жақсы және пайдалануға ыңғайлы қондырғылар алды. Бұл кезге дейін зенит зеңбіректерінің бірінші класс ты үлгілері де жасалды. Мұнымен қатар артиллерия мен жаңа техниканы ұрыста қолдану негіздерін жетік меңгерген командалық кадрлар даярлау ісі де кеңінен өрістетілді. Артиллерия училищелерінің жүйесі көбейтіліп, арнаулы артиллерия мектептері жұмыс істей бастады. Артиллерия академиясы ұлғайтылды.

Артиллерия Ұлы Отан соғысында жанжақты әзірленген және жауға қарсы қаһарлы күш болып тиісті. Біздің армиямыз сан жағынан басымырақ болған жауға қарсы ауыр қорғаныс ұрыстарын жүргізуге мәжбүр болды. Сондықтан да дұшпанның танктері мен авиациясына қарсы күресу артиллерияның басты міндеттерінің бірі болған еді.

Әскерлердің басқа түрлерімен ынтымақтасып қыймыл жасай отырып, артиллерия бұл міндетті абройменн орындады. Оның атысынан гитлершілдер орасан көп шығынға ұшырады. Мысалы, соғыстың алғашқы күндерінде Шаулай түбінде дұшпанның 300-дей танкі талқандалды. Соғыстың алғашқы екі айының аяқ кезінде фашистер 8.000 танкінен айрылды. 1941 жылғы ноябрьде Москва түбінде болған 25 күнгі ұрыстарда дұшпанның 1.500 танкі, 1942 жылы Сталинград түбінде—1.600 танкі талқандалды. Неміс тер ұрысқа ауыр танктерді қосқан Курск иінінде болған шайқаста үш күннің ішінде ғана гитлершілдердің 1.500-ден аса соғыс машиналары талқандалды.

Зенит артиллериясы истребительдік авиациямен бірлесе отырып, фашистік қарақшылардың түйдек жасалған соққыларын табандылықпен тойтарды, әскерлердің ұрыс шептерін, коммуникацияларды және тылдың маңызды объектілерін әуеден берік қорғап тұрды. 1941 жылы Москваның түбінде ғана біздің зенитшілеріміз дұшпанның 272 самолетін, ал Ленинград қорғаныс кезінде — 1.000 нан аса жау самолетін атып түсірді.

Москваның, Ленинградтың және Севастопольдің қорғанысында артиллерияның атқарған орасан зор ролін сөзбен айтып жеткізу өте қыйын. Ленинград майданының ержүрек артиллерияшылары бүкіл Европадан жыйналған, алыстан ататын зеңбіректермен қаруланған дұшпанның күшті артиллерия тобына қарсы екі жарым жыл дерлік қаһармандықпен күресті. Совет артиллерияшылары 250 күн бойы Севастопольді қорғап, жауды құртумен болды.

Соғыстың барысында еліміздің экономикасы үнемі нығайтылып, дамытылды Тылдың еңбекшілері майданды не керектің бәрімен қамтамасыз етті. Артиллерия конструкторлары армияға жаңа зеңбіректер, гаубицалар, минометтер, өздігінен жүретін зеңбіректер, реактивтік артиллерия және броньды тесіп өтетін күшті снарядтар берді. Осының нәтижесінде ірі артиллерия құрамалары қатарға қосылып, бұлар артиллерияны қажетті бағыттарда шапшаң және кенет топтастыруға мүмкіндік берді. Артиллерия қорғаныстан шабуыл жасауға шықты.

Мұның өзі Сталинград түбінде болған тарихи шайқаста ерекше айқын көрінді. 1942 жылғы 19 ноябрьде совет әскерлерінің қарсы шабуылы басталып, бұл шабуылды мыңдаған зеңбіректер мен минометтер қолдады. Артиллерия өзінің атысымен жаудың бекіністерін талқандап, жаяу әскерлер мен танктердің жеңіске жетуіне жол ашты.

Сталинград операциясынан кейін Совет Армиясы неміс- фашист басқыншыларға қарсы кең көлемді шабуыл операцияларын бастады. Артиллерияның қалың топтасуы үздіксіз арта түсті. Мысалы, соғыстың екінші жартысында жаудың шебін бұзып өткен майданның әрбір километрінде 200-300-ге дейін зеңбірек болды.

Советтік артиллерия империалистік Жапонияны талқандауда маңызды роль атқарды. Соғыстың бұл майданында біздің артиллериямыз өзінің қуатын тағы да айқын көрсетті.

ССРО Қарулы Күштерінің тарихи жеңістеріне жұмысшы табы, колхозшы шаруалар және советтік интеллигенция жан қыярлық еңбегімен үлес қосты. Мынаны айтсақта жеткілікті: біздің артиллерия өнеркәсібіміз соғыстың соңғы жылдары ішінде әрбір жыл сайын 120 мыңға дейін зеңбірек және 100 мыңға дейін миномет, сонымен қатар орасан көп оқ-дәрілер өндірді.

* * *

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан бері тоғыз жылдан аса уақыт өтті. Совет халқы Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен, елімізде коммунизм орнатудың аса зор программасын жүзеге асыра отырып, ұлы мақсатқа қарай сеніммен алға басып келеді.

Барлық елдер халықтарының тұрмысында да зор өзгерістер болды. Қытайдың, Солтүстік Кореяның және Вьетнамның халықтары қолдарына қару алып, өз бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігін қорғап қалды. Ұлы Совет Одағы бастап келе жатқан бейбітшілік, демократия және социалистік лагері қазіргі уақытта талай жүздеген миллион адамдарды өз туларының астына біріктіруде.

Бейбітшілік лагеріне Америка Құрама Штаттарының империалистері бастаған соғыс лагері қарама- қарсы тұр. Сондықтан да дүниежүзілік жаңа қырғын соғыстың өртін тұтандырушылар тарапынан төнген қатерді ескере отырып, біздің бейбітшіл халқымыз өз Отанының қорғаныс қабілетін тынбастан нығайтып келеді. Коммунистік партия мен Совет үкметі басшылық етіп отырған ССРО еңбекшілері елімізді бұрынғыдан да гөрі қуатты ету үшін Армия мен Флоты агрессордың қандайына болса да күйрете тойтарыс беруге әрқашан да әзір ұстау үшін қажетті шараның бәрін істеуде. Совет артиллерияшылары, Армиямыздың барлық жауынгерлері сыяқты, Ұлы Отан соғысының тәжрибесін творчестволықпен игере отырып, жаңа артиллерия техникасын және артиллерияны ұрыстарда қолдану тәсілдерін жетік меңгеруде.

Совет артиллерияшылары өзінің мейрамын жауынгерлік және саяси оқуда жеткен жаңа табыстармен қарсы алуда. Олар өздерінің Отан алдындағы борышын орындауға берік бел байлауда.

Г. ОДИНЦОВ.
Артиллерия генерал- полковнигі.

Жұмысшы жастарға қамқорлықты күшейтейік

Біздің елімізде еңбекшілерге қамқорлық жасау партия мен үкметіміздің бұлжымас заңы болып табылады. Олардың қажырлы еңбектен кейін мәдениетті түрде дем алуы және өзінің бос уақыттарын дұрыс пайдалануы үшін барлық жағдай жасалған. Мұның ішінде, әсресе, жұмысшы жастарға жасалып отырған қамқорлық орасан зор.

Қаламыздың өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың көпшілігі жастар. Жас жұмысшылар Отан алдындағы құрметті борыштарын толық түсіне отырып, қажырлылықпен еңбек етуде. Олардың көпшілігі қазірдің өзінде жылдық жұмыс тапсырмаларын артығымен орындап, келесі жылдың есебіне жұмыс істеуде. Ал кей бір жас жұмысшылар бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шықты. Мәселен, Петропавл паровоз депосының 200 жас жұмысшысы қазірдің өзінде 7—12 жылдық жұмыс тапсырмасын орындады. Мұндай табысты еңбек етіп жүргендер А. И. Микоян атындағы ет комбинатында, шағын двигательдер заводы мен С. М. Киров атындағы заводта және басқа өнеркәсіп орындарында да көптен саналады.

Жұмысшылардың табысты еңбек етуі олардың күнделікті тұрмыс қажеттерінің қамтамасыз етілуіне және мәдени тілектерінің қанағаттандырылып отырылуына тығыз байланысты. Өйткені, мұның өзі олардың еңбекке ынтасын арттырып, табысты еңбекке жетектейді. Қаламызда бұл мәселе жөнінде едәуір жұмыстар істелген. Өндіріс орындарында жастардың ондаған жатақханасы, клубтар мен қызыл мүйістер жұмыс істейді.

Жас жұмысшыларға қамқорлық жасауды ет-консерв комбинаты жақсы ұйымдастырған. Комбинат жатақханалары қысқы маусымға толық әзір. Жатақхана бөлмелерінен әруақытта толық тәртіп пен мінсіз тазалық көруге болады. Жатақхана қызыл мүйістерінде жастардың бір мезгіл мәдениетті түрде тынығуына, газет журналдар оқып, көңіл көтеретін әртүрл ойындар, демалыс кештерін өткізуге жағдай жасалған. Мұндай жақсы ұйымдастырылған жатақханалардың қатарына шағын двигательдер заводы мен С. М. Киров атындағы заводтың жатақханаларын да қосуға болады. Аталған өндіріс орындарының басшылары мен партия, комсомол ұйымдары жатақханаларда жастар үшін барлық жағдай туғызылуын үнемі бақылап, қамқорлық жасап отырады.

Бірақ, қаланың барлық өндіріс орындарында мұндай қамқорлық жасалып отыр деуге болмайды. Бірқатар өнеркәсіп орындарының басшылары жас жұмысшыларға қамқорлық жасауды бүгінгі күннің талабына сай ұйымдастырмай отыр. Мысалға Шостак жолдас бастық болып істейтін құрылыс мекемесін алайық. Мұнда жұмысшыларға арналған екі жатақхана үйі май айында-ақ салынып біткен болатын. Алайда, оларда әлі күнмейді. Мекеме комсомол ұйымы мұндай төзгісіз жағдай туралы мекеме бастығы Шостак және партия ұйымының секретары Репин жолдастардың алдына бірнеше рет мәселе қойған еді. Алайда, олар жастардың бұл орынды талабына құлақ аспай келеді.

Нақ осындай жағдай «Заготстройдың» құрылыс мекемесінде де (бастығы Ломакин жолдас) орын алған. Мұндағы жатақхана қысқы маусымға әзір емес, қажетті отынмен қамтамасыз етілмеген. Көпшілік бөлмелердің іші сыланбаған. Жатақханада қызыл мүйіс ұйымдастырылмаған. Ал, № 1 кірпіш заводында жастардың мәдениетті түрде тынығуын ұйымдастыруға мүлдем көңіл бөлінбей отыр. Мұндағы қызыл мүйіс үйі жатақханаға айналдырылған көрінеді. Жақсы жабдықталған кітапхана кітапханашы болмағандықтан әлі күнге жұмыс істемей, жабық тұр.

Жұмысшы жастары өте көп саналатын кәсіпорынының бірі—паровоз депосы. Депо басшылары жас жұмысшылардың тілектеріне үнемі көңіл бөліп, олардың арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруға тиіс еді. Алайда, іс жүзінде жағдай бұған керісінше болып отыр. Жатақханаларда жастардың тұрмыстық қажеттерін өтеуге көңіл аз бөлінеді. Тәрбиешінің болмағандығынан ешқандай саяси-тәрбие жұмыстары жүргізілмейді. Соның салдарынан мұнда жатақхана ережелерін бұзу сияқты фактілер жиі кездеседі. Мәселен, машинистің үйренушісі комсомолец Сергеев мас болып келіп, қыздар жатақханасында жанжал шығарған. Мұндай өрескел факті жатақхана жастарының талқысына түсуі керек болса да, депо комсомол комитеті де (секретары Максимов жолдас), кәсіподақ ұйымы да мұны ескермеді. Егер бұл мәселе жастардың талқысына түсіп, Сергеев өзінің тәртіпсіздігі үшін деркезінде жазаланған болса, мұның басқалар үшін көп әсері болған болар еді.

Қала өндіріс орындарындағы жас жұмысшылар арасында жүргізілетін мәдени жұмыстардың негізгі түрінің бірі— көркемөнерпаздар үйірмесі болып табылады. Өндіріс орындарының басшылары көркемөнерпаздар үйірмесін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіп, оның жұмысына жастардың неғұрлым көп тартылуына жетісуге тиіс. Көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмысы ет-консерв комбинатында, С. М. Киров атындағы заводта жақсы ұйымдастырылған. Олар жұмысшылар алдында концерттер беріп, демалыс кештерін ұйымдастырып отырады. Киров атындағы заводтың әрбір цехында көркемөнерпаздар үйірмесі құрылған. Дегенмен, қаланың басқа өндіріс орындарында көркемөнерпаздар үйірмелеріне жастарды тарту мүлдем қанағаттанғысыз дәрежеде болып отыр. Мәселен, жастардың үлкен коллективі бар паровоз депосында мұндай үйірмелерге небары 20 шақты адам тартылған. «Комсомолка» тігін фабрикасы, аяқкиім фабрикасы мен көптеген кәсіпо-

Жастардың жоғары мәдениетті совет жұмысшысы дәрежесіне көтерілуінде саяси-тәрбие жұмыстарының алатын орны зор. Алайда, бізде бұл мәселеге көп уақыттарда жете маңыз берілмей келді. Еңбек тәртібі, совет жастарының жоғары моралі жөнінде лекциялар мен ғылыми-атеистік лекцияларды ұйымдастыруда біржақтылыққа жол беріліп, олардың терең мазмұнды, әсерлі болуы ескерілмеді. Саяси-тәрбие жұмыстарының мұндай нашар жүргізілуі жас жұмысшылардың еңбек тәртібін бұзуына, кейбіреулерінің маскүнемдік, бұзақылық сияқты зиянды әдеттерге бой уруларына әкеліп соқты. Еңбек тәртібін бұзу, әсресе паровоз депосында көп орын алды. Мұнда үстіміздегі жылда 134 рет еңбек тәртібі бұзылса, оның 82-сі маскүнемдікпен байланысты. Депо комсомол ұйымы мұндай теріс жолға түскен жастармен әңгіме өткізіп, олардың қателіктерінен арылуларына көмектеспеген. Саяси-тәрбие жұмыстарының барысы басқа комсомол ұйымдарында да нашар болды. Бұған 16 жас жұмысшының маскүнемдікке салынып, бұзақылық жасағандығы үшін комсомолдан шығарылғандығы айқын дәлел.

Жақында қалалық комитет жас жұмысшылар арасында саяси-тәрбие жұмыстарын жақсартуға бағытталған едәуір жұмыстар жүргізді. Ет комбинаты мен Киров атындағы заводтың клубтарында жастар лекторийлері ұйымдастырылды. Бұл лекторийлер қазір жұмыс істей бастады. Мәселен, Ленин атындағы клубта «Жастардың мәдениеттілігі жайында» деген тақырыпта лекция оқылды. Бұдан былай лекторийлерде саяси, ғылми-бұқаралық, ғылми-атеистік насихаттар тақырыптарында лекциялар көптеп оқылмақ. Лекциялардан кейін ғылми-көпшілік фильмдер көрсетіледі. Қала жастарының лекцияларға үнемі қатысып отыруы үшін абонементтер таратылды.

Жұмысшы жастарға қамқорлық жасауда олардың кешкі мектептерде оқып, білім алуларына қажетті жағдайларды толық туғызуды да ұмытуға болмайды. Қаланың кешкі мектептеріне 1 400-ге жуық жас жұмысшылар жазылды. Бірақ кейбір өндіріс орындары басшыларының олардың оқуына жағдай жасауда жауапсыздыққа салынуының салдарынан бұлардың көпшілігі қазір мектептен қол үзіп отыр. Мұндай жауапсыздыққа жол берген өндіріс орындарының қатарына Киров атындағы завод, ет-консерві комбинаты, «Комсомолка» тігін фабрикасы жатады. Аталған өндіріс орындарының басшылары жұмысшы жастардың кешкі мектептерде оқуына толық жағдай жасауды қамтамасыз етуге міндетті.

Жас жұмысшыларға қамқорлық жасауда орын алған жоғарыдағы кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды. Өйткені, бұл кемшіліктер олардың еңбек етулеріне керісінше әсер етуде. Сондықтан да бұл кемшіліктерді тез арада жою, өндіріс орын-

Петропавл паровоз депосының слесарі, комсомолец Федор Бобылев жолдас бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жарысына ұштаса отырып, қазір әрбір айлық жоспарды орындауды 280 процентке жеткізіп жүр.

СУРЕТТЕ: **Ф. Бобылев** жолдас кезекті тапсырманы орындау үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Трактор жөндеудің озаттары

Приешім ауданы, Ленин атындағы машина-трактор станциясының механизаторлары қажырлылықпен еңбек етуде

МТС механизаторлары қазірдің өзінде 14 трактор, 4 комбайн, 40 сеялканы және 5 плугті сапалы етіп жөндеп шығарды. Механизатор-жөндеушілер барлық 105 тракторды және басқа ауылшаруашылық саймандарын март айына дейін түгел жөндеп бітіруге міндет алды.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын тез және сапалы жөндеу жолындағы социалистік жарыста токарь Кузьменко, монтажшы Конюх, уста Гриценко жолдастар үздік келеді. Олар күндік нормаларын біржарым есе асыра орындауда.

Р. ҚАСЕНОВ.

Жас дәрігер

Еліміздің мыңдаған жас патриоттары партия шақыруы бойынша тың жерлерді игеруге аттанған кезде дәрігер-терапевт Ольга Ивановна Пашина жолдас та облысымызға Свердлов қаласынан келген болатын. Облыстық денсаулық сақтау бөлімі Пашина жолдасты жаңадан ұйымдастырылған Булаев астық совхозына жұмысқа жіберді.

Ауруханада Пашина жолдаспен бірге комсомол жолдамасы бойынша келген медициналық сестралар Галина Сахарова, Наталья Серая, Валентина Скрипникова, фельдшер Эрика Кинслер жолдастар істейді. Олар өздерінің кішіпейілділігімен және науқастарға жақсы қызмет көрсетуі-

Фельетон

ДАЛБАЙДЫҢ ДАЛБАСЫ

Мамлют аудандық прокуратурасының тергеушісі Далбай Мырзабаев оқытушы қыз Оспанова Сабираға үйленген кезде сақал-мұрты жаңа ғана түбіттене бастаған жас бала жігіт болатын.

—Болашағым жарқын, қызығым алда, бақытым айқын жаспын, —деп танысқан еді ол Сабирамен, —сол болашақ өмірдің ащы-тұщы қызығын бірге көрсек, «өлсек бір шұңқырда, тірі болсақ бір төбеде» болсақ, өмірде арманым да болмас еді.

Уызы арылмаған бүлдіршін жастың бұл сөзін кіршік шалмаған махаббаттың сыры деп ұғынған жас Сабира оның бұл ұсынысын қайтарып тастай алмады. Өзі сияқты совет мектебінде оқып білім алған жастың бұл сөзін шын жүректің шынайы сыры деп ұғынды ол.

Той жасап қосылған Далбай көп кешікпей әке болды. —Сабирадан қыз туды.

—Қайырлы мұбәрәк болсын,—деп құттықтады дос-жарандары ерлі-зайыпты екі жасты. Бірақ бұл құттықтаулар Сабираға аналық мақтаныш сезімін тудырса, Далбайдың әке болғалы ойын жегідей жеген арам ойын уландыра түсті. «Қапшық түбінде біз жата ма», көп кешікпей Далбайдың арам ойын Сабира да сезді.

—Мен сені сұлу деп сүйсем, су мұрын екенсің, —деді ол бір күні Сабираға, —бір бала тапқаннан кейін мүншалықты кейінсіздікке ұшыраған сені қалайша өмірлік жолдас етермін, менің болашағым зор, әлі өсуге тиіспін, ал сен. . .

Мұнан арғы сөзді ол атап айтпай-ақ Сабира бірден сезді.

— Недеген арам ниетті едің, мұндайыңды білгенде сендей азғынның маңынан жүрер ме едім, —деді Сабира күйеуінің өз баласын семьядағы артық ауыз, керексіз шығын деп есептеп тұрғанын сезіп. —Мен жалғыз Сайранды өзім де асыраймын.

Партия мүшесі, адал жас Сабира арсыз Далбайдың мұнан арғы мазағына шыдай алмады.

—ЗАГС-ке тіркелмегенім қандай жақсы болған, алимент те төлемейтін болдым, —деп рақаттана күлді Далбай Сабирадан айрылысқаннан кейін.

Далбай екінші әйелі Ұлжанмен де көп тұрақтай алмады. Арсыз нәпсі, ашылған аран оның арам ойын өршелендіре түсті. Тұрса аяққа, отырса басқа ұрып, қорлық өмір кешкен Ұлжан ауруға ұшырады. Далбай жас сәби мен ауру Ұлжанды Преснов ауданындағы Архангель селосының көшесінде қаңғыртып тастап кетіп, Макушино станциясында тұратын Қазымиева Қадиша деген қызға үйленді.

Шынын айту керек қой, жас Қадишаның оған деген махаббаты Далбайды алғашқы кезде еліктіріп-ақ әкетті. Бірақ Далбайдың ойы мен арманы бұл емес-ті. Оның махаббаты әрқашан өз пайдасына бағындырылып, мүдделі есеп тұрғысынан туатын еді. Сондықтан да ол бір күні Қадишаға:

—Менімен сен тең емессің, мен оқыған адаммын, ал сенің білімің жоқ. Бүркіт пен қарға бірге өмір сүре алмайтыны сияқты,

де, өзіңе де сенбеймін, —деп жауап берді Теміртай Далбайға.

—Сенбеймін деуің қате, міне, антым міне, жаным. . . сенсіз өмір маған жат.

—Жоқ, мен әлі оқыймын.

Бірақ қыз үлесіндегі дүние, оның көркі Далбайды тыныштандырып қоймады. Ол қайткенде де Теміртайға үйленуді арман етті. Мамлют станциясынан Майбалық селосына, Теміртайдың атына жаңбырдай жауған хаттар бірінен соң бірі үздіксіз келіп жатты. Олардың бірі лирикалық сезімді сөздерге, енді бірі өзінің заң қызмет кері екендігін ескерте жазылған сөздерге толы болатын. Ал, енді бір хатында

«Сен деп соғады жүрегім
Ылғый сен деп жүремін
Сенсің менің тілегім
Сен тимесең өлемін» деген «аянышты» өлеңді де қыстырып жіберіпті.

Хат арқылы ойлаған мақсатына жете алмайтынын сезген Далбай ескі жолмен әкесі Мырзабайды қыз шешесі Жаңылдыққа аттандырды.

—Бар, аяғына жығыл, жалын, қайтсең де көндір қыз шешесін —деді әкесіне.

Ендігі жерде Мамлют пен Майбалық аралығында хат орнына Мырзабай қарт жүрді.

—Қызыңды біздің Далбайжанға бер, сүйек жаңғыртайық,— деп жылмаңдады ол Жаңылдыққа. —Баламның қызмет бабы бір адамнан кем емес. Ешкімнен кемқор болмайды, балаң.

Жылға жуық созылған бұл сөздерге ақырында Теміртай сенді —Далбай «арманына» жетті. Бірақ Теміртайдан келген дүниені бойына сіңіріп алғаннан кейін ол оны өз үйінің күңіне айналдырды.

—Мен кім, сен кім. . . оны біліп қой,—дейтін болды ол Теміртайға.

Қыстың қақаған аязы мен жаздың аптаған ыстығында Мырзабай үйінің малдарын жайлап, үйін жайғастыру, суыққа тоңып, ыстыққа күю Теміртайдың денсаулығына зиянын тигізбей қойған жоқ. Бірақ оны дәрігерге қарату Далбайдың есіне де келмеді.

Ал Теміртайдан сәби туғаннан кейінгі оның өрескел мінезі бұрынғыдан да өрши түсті.

—Сенің ауруың жұқпалы болуы мүмкін, —деп қыйғаштады ол, — шешеңе кет.

Денсаулығынан хауіптенген Теміртай шешесінің көмегімен дәрігерге қаранып, тәуір болып, үйіне оралды. Мұны күтпеген Далбай жас ананы сәбимен қоса үйінен түн ішінде қуып шықты.

—Кет, дегенсоң кет. Сен менің теңім емессің. . .

Жазықсыз қорлыққа ұшыраған жас ана аудандық прокурор Кротоваға барды. Бірақ заңды қорғаушы прокурор «семья ісіне араласуға болмайды» дегенді сылтау етіп, Теміртайды аяғына отырғызбады. Ал Теміртайдың арызын қараған облыстық прокуратураның мәжлісінен Далбай көңілдене қайтты.

—Біржола есеп айырыстым, бәрі өзім ойлағандай болды, —деп хабарлады ол

...мысы аяқталмаған. Соның салдарынан қазір жұмысшылар жатақхананың суықтығынан тұруға мүмкіншілік болмағандықтан қызылбұрыш үйіне көшуге мәжбүр болған. Мұнда да олардың өте тар кроватқа екі адамнан жатуына тура келіп отыр. Сонымен бірге бұл мекемеде ешқандай мәдени жұмыстар жүргізіл-

...лік артельдері жөнінде де осыны айту керек. Жастар арасындағы мәдени жұмыстың бұл саласының мұндай төмен дәрежеде болуына, әрине, қалалық комсомол комитеті де кінәлі. Қалалық комсомол комитеті бұл маңызды мәселеге дер кезінде көңіл бөліп, кемшіліктерді жою жөнінде аталған мекемелердің басшылары алдына мәселе қоймады.

...дары басшыларының, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының бүгінгі таңдағы басты міндеті болып саналады. Жұмысшы жастарға күнбе-күнгі қамқорлықты мейлінше күшейтуіміз керек.

Ғ. ШӘКІРОВ,

ҚЛКЖО қалалық комитетінің секретары.

...бөленген. Қазір аурухана қызметкерлері еңбекшілердің денсаулығын сақтау жөнінде қажырлылықпен еңбек етуде.

Б. НҰРЛАНОВ.

ҚОСЫМША АҚЫ АЛДЫ

Жамбыл атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) малшылары Б. Ожықаев және Нұрғали Махметов жолдастар ірі қара малды шығынсыз бағып, олардың қоңын арттыру жолында көп еңбек сіңіріп отырады. Ожықаев жолдас қарамағындағы малдардың тірідей салмағын 8 центнер 60 килограмға, ал, Махметов жолдас әрбір сиырдың тірідей салмағын 8 центнер 45 килограмға дейін арттырды.

Колхоз басқармасы Ожықаев және Махметов жолдастардың еңбеккүніне қосымша ақыға әрқайсысына бір бие және бір өгіз берді.

С. СЕЙПИЕВ.

...Кет, шық, көзіме көрінбе! —деп өз қорытындысын бір-ақ естіртті.

Бұдан арғы жағдай оңай шешілді — Далбай Қадишаны зорлап арбаға отырғызып, туыстарына қайтарып жіберді.

Аз уақыттың ішінде үш жастың өмірін ойрандаған заң қызметкері Далбайдың ендігі көздегені—дүниесі мөл жас қыз, Преснов ауданындағы Майбалық орта мектебінің оқушысы Шаңабаева Темі̇ртай болды.

—Өмірде теңімді таба алмай жүрген жанмын, —деп жалбарынды ол Темір тайға, —жайған құлашымды жай қайтарып, мені бұл дүниенің сорлысы етпе, жаным!

Далбайдың бұл «жанқиярлық» сөздері Темі̇ртайды да, оның шешесі Жаңылдықты да сендіре алған жоқ. Өйткені, бұл жас жігіттің кейбір жағымсыз қылықтары ол екеуіне белгілі болып та қалды.

—Маған әуре болма, мен сенің сөзіңе...

...ды, оқасы жоқ. ..

Оның «азырақ шығын» деп тұрғаны жас ана мен сәбиге берілген көрпе-жастық еді.

Далбайдың ендігі далбасы — бесінші рет үйлену.

—Уызым арылмаған жаспын,— дейді ол.— Нанбасаң паспортыма қара, әлі үйленгенім жоқ.

—Үш сәби мен төрт әйелді қайда коймақсың?

—Кәне, менің үйленгенімді документ арқылы дәлелдей аласың ба, —деп екіленеді ол онда.

Расында да солай. Ол әлі бірде-бір рет ЗАГС-ке тіркелген емес.

Мырзабаев—заң қызметкері. Бірақ адам бейнесіндегі бұл арсыз азғынның совет заңын қалайша қорғайды деп облыстық прокуратурадағы жауапты жолдастардың сенетініне танымыз бар.

Т. ЕСІЛОВ.

ЖАҢА РАДИОТОРАБЫ

Октябрь ауданындағы «Бірлік» ауылшаруашылық артелінің мүшелері Советтік Конституция күні қарсаңында жаңа тартуға ие болды —жуырда бұл колхозда жаңа радиоторабы іске қосылды.

Колхоз басқармасының қамқорлығы нәтижесінде колхозшылар репродукторлармен толық қамтамасыз етілген болатын. Сонымен бірге барлық колхозшылардың үйлеріне радио сымдары тартылды. Қазір колхозшылар Отанымыздың астанасы — Москвадан, Алматыдан, Ленинградтан, еліміздің тағы басқа қалаларынан күнделікті жаңалықтарды естіп, ән-күйлер тыңдайды.

Жуырда радиоторабын жүргізуші А. Нұрғалиев жолдастың басшылығымен колхоз жастарының көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшелері жергілікті радиоторап арқылы радиоконцерт ұйымдастырды.

Жаңа жыл қарсаңында колхозды-ауыл толық электрлендірілетін болады.

Қ. САУЫТОВ.

Қой шаруашылығы—мал шаруашылығының негізгі саласы

Үстіміздегі жылы облысымыздың көптеген колхоздары қой шаруашылығын өркендетуде елеулі жұмыстар істеп, шаруашылықтың бұл саласынан алынатын өнімді, түсетін табысты едәуір арттырды. Мысалы, осы жылдың 1 октябріне дейін өткен жылғымен салыстырғанда қой басының өсуі Булаев ауданының колхоздарында —19 процент, Конюхов ауданының колхоздарында —17,3 процент артты. Сондай-ақ бұл аудандарда қырқылған жүн мөлшері де айтарлықтай болды. Атап айтқанда, Булаев ауданының колхоздары үстіміздегі жылы 13.100 килограмм жүн қырықты. Бұл 1953 жылы алынған жүн мөлшерінен 49,2 процент артық. Демек, мұнда орта есеппен әрбір қойдан екіжарым килограмм жүн қырқылды. Ал Конюхов ауданының колхоздары үстіміздегі жылы жүнді өткен жылғыдан 189 центнер көп қырқуға жетісті.

Облысымызда қой өсіруде, оның өнімділігін арттыруда игі табыстарға ие болған фермалар көптеп саналады. Олардың бірі —Булаев ауданы, «Красное знамя» колхозындағы Ефименко жолдас басқаратын товарлы қой фермасы. Мұнда қой басы жыл ішінде 16,8 процент өсті. Алынған жүн 69 центнер болды. Бұл өткен жылғыдан 27 центнер артық деген сөз. Быйыл колхоздың тек қой шаруашылығынан алған табысы —300 мың сом болып отыр. Мұның 180 мыңы —мемлекетке жүн сатудан түскен табыс.

Сүйінерлік бір іс—«Красное знамя» колхозының қойлары тегіс биязы және жартылай биязы жүнді. Бұл тұқымды қойлардың жүндес болатыны және оның жүнінің сапалы болатыны мәлім. Сондықтан колхоз мемлекетке тек қана жоғары сортты жүн өткізді. Мұнда қой шаруашылығы өнімінің әрбір 100 гектар егіндік, шабындық және жайылымдық жерге үлесті көрсеткішінің жоғары болуы себепті колхоздың қой фермасы 1955 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға кандидаттыққа ұсынылды. Биязы жүнді қой өсіру нәтижесінде колхоздың жоғары табысқа ие болуы колхозшылардың, әсресе қой өсірушілердің шаруашылықтың осы саласын дамытуға қажымай-талмай еңбектенулерінің жемісі.

Қой шаруашылығынан Конюхов ауданындағы «Красная крепость», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздары, Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму», «Жизнь» колхоздары, Октябрь ауданындағы «Щит» колхозы да көп табыс табуда. Буларда да қойдың жүнді, етті көп беретін тұқымдарын өсіруге ерекше назар аударылып отыр. Әрине, бұл қуанарлық іс.

Дегенмен облыс колхоздарын тұтас алғанда қой шаруашылығын өркендету әлі баяу. Тіпті кейбір колхоздарда қой малының саны өткен жылғыдан да кеміп кетті. Соколов, Октябрь, Мамлют және Приешім аудандарының бірсыпыра колхоздарында соңғы жылдары көп саулықтар қысыр қалып жүр. Оның үстіне алынған қозылардың өзі зоотехникалық ережелерге сай күтілмегендіктен шығын болды. Сөйтіп бұл аудандарда әрбір 100 саулықтан небары 56-64 қана қозы өсірілді. Октябрь ауданындағы Торанғұл МТС-нің қамтуындағы колхоздарда қойдың көп шығын болғанын атап айтуымыз керек. Мұнда саулықтың 40 проценті қысыр қалып, қозының 24 проценті шығын болған. Соның салдарынан колхозда қой малы өткен жылдың 1 октябріндегіден 10 процент кеміген. Осы МТС-тегі Ленин атындағы колхозда да саулықтың 50 проценті қысыр қалған. Бірақ, бұл елеулі кемшіліктер ауданның, МТС-тің, сол сияқты колхоздардың басшыларын абыржытар емес.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март, июнь Пленумдары қаулыларына байланысты елімізде тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру арқылы астық молшылығын жасаумен бірге облыс колхоздары алдында мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын да мол табысты салаға айналдыру міндеті тұр. Бұл міндетті ең алдымен қой шаруашылығына үнемі көңіл бөліп, оған іскерлікпен басшылық еткенде, қысыжазы қойдың күтімін жақсартқанда, оның тұқымын асылдандырғанда ғана жүзеге асыруға болады. Бұлай етпейінше, қойдан етті, жүнді көп алуға және бұл саланы жоғары табысты, рентабельді шаруашылыққа жеткізу мүмкін емес.

Амал қанша, көптеген колхоз басшылары мен қой фермаларының меңгерушілері мал шаруашылығын онан әрі өркендете беру жөнінде болып жатқан ғылымның табыстарын, озаттардың тәжрибелерін өндіріске батыл енгізу ісінде өте сылбырлық, инициативасыздық көрсетуде. Ал осы жағдайды біле- тұра аудан, МТС басшылары, мал шаруашылығы мамандары колхоздарда, фермаларда ұйымдастыру, түсінік жұмыстарын нашар жүргізіп келеді.

Біздің елімізде мал шаруашылығында қол жеткен табыстар аз емес. Олар туралы малшыларға айтуға болады. Мәселен, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде баяндалған Алтай өлкесі, «Страна Советов» колхозы қой шаруашылығының үлгісі кімді болса да сүйсіндіреді және жаңа табысқа жетуге жігерлендіреді.

1953 жылы бұл колхозда орта есеппен әрбір қойдан 6,385 килограмм жүн қырқылып, қой шаруашылығынан алынған ақшалай табыс —біржарым миллион сомнан асқан, яғный әрбір бас қойдан түскен табыс —250 сом болған.

Облыс колхоздарындағы қой өсіруге қажетті жер мөлшері және оның құнарлылығы «Страна Советов» колхозының жерінен ешқандай кем түспейді, қайта кейбір колхоздардағы жер жағдайы әлде қайда артық. Солай бола тұрса да, колхоздарда әрбір 100 гектар жерге келетін мал шаруашылығы өнімдерінің мөлшері жоспардағыдан көп төмен. Сондықтан облыс колхоздары қой шаруашылығын табысты салаға айналдыру үшін алдағы уақытта көп жұмыс істеулері қажет.

Еліміздің қой өсіруші озаттарының қойды қолдан ұрықтандыруға асыл тұқымды қошқарларды пайдалану, жас қозыларды бағып -күту, қыс уақытында қойды қоздату және қойларды жайылымда бағу, қорада күту жөніндегі үлгілі тәжрибелері облыстың көптеген қой фермаларында әлі күнге дейін батыл қолданылмай келеді. Облыстағы қой шаруашылығының баяу өркендеуінің басты бір себебі де осы.

Қой шаруашылығынан алынатын өнімнің мол болуы үшін қойларды қолдан ұрықтандыру ісіне асыл тұқымды қошқарларды пайдаланудың ерекше маңызы бар. Бірақ Соколов, Мамлют, Приешім және Ленин аудандарында қойды қолдан ұрықтандыру жұмысы үстіміздегі жылы да нашар ұйымдастырылды. Қой шаруашылығын өркендетудегі мұндай аса маңызды істің сылбыр ұйымдастырылуы алдағы жылы да мал өсіру жоспарының орындалмау және мал шаруашылығы өнімдерінің азайып кету хаупін тудыруда.

Үстіміздегі жылдың көктемінде Булаев және Конюхов аудандары бойынша мемлекетке тапсырылған жүннің 94,7 проценті биязы және жартылай биязы жүн болса, Ленин ауданының колхоздарында бұл көрсеткіш небары 53 процент. Ал оның 1,9 проценті ғана биязы жүн. Мемлекетке тапсырған жүннің сапасы Соколов, Приешім ауданының колхоздарында да дәл осындай.

Қазір облыс колхоздары қой өсірудегі ең жауапты кезең—қойды қорада бағуға кіріс е бастады. Алдағы, 1955 жылы қой шаруашылығының өркендеуі, одан алынатын өнімнің мол болуы және мемлекеттік тапсырмалардың толық орындалуы да қойдың қысқы күтімінің жақсы ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Мұны жете түсінген Октябрь ауданындағы «Щит», «Заря коммунизма», «Путь Ильича», Конюхов ауданындағы «Красная крепость», Молотов атындағы колхоздардың, Преснов ауданындағы «Жизнь» колхозының қой фермалары мал қыстатуға үлгілі әзірлікпен кірісті.

Буларда малға қажетті ірі сабақты жемшөп фермаларға бекітіліп берілген. Қоңы төмен және жаңа қоздаған қойларға, жас қозыларға берілетін концентрат та жеткілікті. Қой қоздататын, төл тұратын үйлер қысқа жақсы жабдықталған. Әрбір фермалардың жанында құдықтар бар. Фермалар түгелдей қой бағуда көпжылдық тәжрибесі бар шопандармен толықтырылған. Бұл озат фермалар күздікүні және ноябрь айының бас кезінде қойды тың жайылымдарға бағу ісін үлгілі ұйымдастырды. Соның нәтижесінде қойлардың қоңы жақсарып, аман өсірілді және қысқа қоңды күйінде келді.

Бірақ мал қыстату науқаны облыс колхоздарының бәрінде бірдей осындай ұйымшылдықпен басталмай отыр. Әсресе Мамлют, Полудень және Соколов аудандарының колхоздары мал қыстатуды мүлде әзірліксіз бастады. Колхоздар бойынша жемшөп дайындау жоспары орындалмады.Қой фермаларына тиісті ірі сабақты және құнарлы мал азықтары жеткілікті бөлініп берілмеген. Арық қойларға, әсресе қоздайтын саулықтарға беретін жемшөп атымен жоқ.

Мал қыстатудың үлгілі өткізілуіне мүмкіндік беретін жағдайлардың бірі — мал азығын үнемдеп жұмсау болып табылады. Сондықтан мал қыстатудың алғашқы күнінен бастап жемшөп мұқыят есепке алынып, үнеммен жұмсалуға тиіс. Малға жемшөпті күні бұрын жасалған норма бойынша беру шараларын іске асыру қажет. Фермалардағы мал азығы рационының қалай орындалып келе жатқанын ай сайын тексеріп бақылап отыру керек. Бұл қолда бар жемшөп қорын нақты біліп отыруға, мал азығын үнемдеп жұмсауға бірден- бір қолайлы жағдай жасайды. Сонымен бірге жемшөпті үнемді пайдаланудың бір жолы мал азығының ысырабына жол бермеу, жемшөпті ұқыпты сақтау болып табылады. Барлық колхоздар пішеннің талан- таражға түспеуі үшін осы бастан күрес жүргізулері керек. Әсресе маяда тұрған пішенге мал түсіп, ысырапқа ұшырауына жол бермеуге тиіс

Көптеген колхоздарда қой малына жемшөпті дұрыс бере білмегендіктен мал азығының ысырапқа ұшырауы жиі кездесіп жүр. Бұл көбінесе қойға шөпті әбден жегізіп барып салмай, үсті- үстіне төге берушіліктен болатын жағдай.

Жемшөптің малдың аяғына басылып, ысырап болуына жол бермеу үшін қой қораларында жақсы оттық жасалуы керек. Сонымен бірге қыстың аязы кем, шуақ күндерінде қойды далаға шығарып жайған жөн. Мұндай жағдайда да қойға шөп ысырапсыз, аз- аздап шашылуға тиіс.

Қой малының қыстан дені таза және қоңды шығуы үшін оның тұрған орны әрі жылы, әрі жарық болуы, күніне міндетті түрде екі рет суарылып отырылуы қажет. Осы күнге дейін орын алып келген қойды қарлату практикасына енді қатаң тыйым салу керек.

Қысты күні қойдың қорада тығыз орналасуы және қора ішінің қараңғы, лас болуы оның қоңын кенет төмендетіп жіберетін жағдай. Сол себепті де қой қораға кең және еркек- ұрғашысына, қоңына, денсаулығына қарай іріктеліп орналастырылған болуға тиіс. Сондай-ақ қой фермаларының барлығы да жұмыстың белгілі график бойынша істелуін қамтамасыз етуі керек.

Қой фермалары қой қоздату науқанына қазірден бастап дайындық жасай бастауға тиіс. Қозы тұратын үйлерді жабдықтау, оған керекті жемшөптерді мал қоралары қасына тасып жеткізу, бөшке, шыт, науа сияқты ыдыстар мен құралдарды әзірлеу —қой қоздату науқанын үлгілі өткізу үшін аса қажетті. Сондай-ақ қозы алушылар мен қозы күтушілерді халаттармен, орамалдармен және қолжуғыштармен жабдықтау ісін де осы бастан қолға алу керек.

МТС-тің және колхоздың мал шаруашылығы мамандары қой өсіруші колхозшының жас төлдерді күтудің әдістерімен таныстырып, олардың тәжрибелерінің байып түсуі жолында аянбай еңбектенуге тиіс.

Облыс колхоздарының қой фермаларында қойдың қысқы күтімінің үлгілі ұйымдастырылуы үшін МТС-тердің мал шаруашылығы мамандары колхозшы-қой өсірушілерге үнемі малдәрігерлік көмек көрсетіп отырулары қажет.

В. ГМЫЗИН.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының қой өсіру жөніндегі бас зоотехнигі.

Осы жылғы 13 ноябрьдегі Совет нотасына

Албан үкметінің жауабы

ТИРАНА, 19 ноябрь. (СОТА). Албан телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, 1954 жылғы 18 ноябрьде Албанияның Сыртқы істер министрі Бехар Штюла Совет елшісі К. Д. Левычкинді қабылдап, оған Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде жалпыевропалық кеңес шақыру жайындағы Совет Одағы Үкметінің 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасына Албан Халық Республикасы үкметінің жауабын тапсырған.

Төменде Албан Халық Республикасы үкметі жауабының тексті келтірілін отыр.

Албан Халық Республикасының үкметі 1954 жылғы 13 ноябрьде Совет Одағының Үкметі жолдаған және осы жылғы 29 ноябрьде Москвада немесе Парижда кеңес шақыруды ұсынған нотаны алып, оны мейлінше мұқият қарап шықты, ал бұл кеңеске Европаның барлық мемлекеттері мен Америка Құрама Штаттарының өкілдері, сонымен қатар Қытай Халық Республикасынан байқаушы қатысқан болар еді және бұл кеңес Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе қараған болар еді.

Албан үкметі Совет Үкметінің ұсыныстарын толығымен қолдайды және оны бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздіктің игілігіне алға басқан маңызды қадам деп санайды. Совет Үкметінің дәйекті бейбітшілік саясатын және Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру, герман проблемасын әділдікпен реттеу ісінде оның тынбастан жұмсап отырған күш-жігерін барлық бейбітшіл үкметтер мен халықтар қолдап келеді. Герман проблемасы халық-аралық қатынастардың қазіргі дамуындағы ең маңызды проблема болып табылады. Оның шешілетіні айқын да, мүмкін де болып табылады және ол герман халқы мен барлық басқа халықтардың мүдделеріне сай келеді. Бұл проблеманың шешімі, мұны Совет Одағының үнемі ұсынып отырғанындай, біртұтас, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшіл Германия құруда болып отыр. Батыс Германияны қайта қаруландыру және оны белгілі елдердің басқа елдерге қарсы бағытталған соғыс топтарына, мысалы, батысевропалық одақ және солтүстік атлантикалық блок деген атпен мәлім болып отырған агрессиялық блоктар сияқты топтарға қосу туралы Лондон мен Парижда 9 батыс державасы арасында жуырда жасалған келісімдер бұл проблеманы шешуге тікелей кедергі жасайды, Германияны екіге бөлшектеуді әлгі қалпында сақтайды, герман милитаризмін қайта тудыруды және бейбітшілік ісіне нұқсан келтіреді.

Кешегі герман милитаризмін қайта тудыру және Батыс Германияны мұндай милитаристік блоктерге қатыстыру европалық халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігіне елеулі қатер төндіреді, дүние жүзілік жаңа соғыс бастауға жол ашады. Лондон мен Париж келісімдеріне сәйкес қайта тудырылып жатқан «вермахтың» басшылығына қайтадан қоймақшы болып отырған гитлершіл генералдардың жаңтүршігерлік қылмыстары соңғы соғыста Европаның барлық халықтарын соғыс өрті мен қантөгіске ұшыраткан болатын. Европаның көптеген басқа елдері сияқты, Албания да нацистік оккупанттардың өте зор зардап шекті. Оның өндаған мың таңдаулы ұлдары Отанның бостандығы жолындағы, бейбітшілік жолындағы күресте қаза болды. Албан халқы мен оның үкметі герман милитаризмін қайта тудырмауға және оның бейбітшілікке қатер төндіруіне мүмкіндік бермеуге барлық күшін жұмсайтынын дәп берік бел байлап отыр.

Совет Үкметінің ұсыныстары Европаның халықтарына және басқа халықтарға жаңа соғыстың масқара сұмдықтарынан халықтарды сақтап қалуға және олардың бейбітшілік пен баянды ынтымақта өмір сүруіне бағытталған коллективтік хауіпсіздік системасы Европада құрылады деген жаңа үміттер берді. Совет Үкметі ұсынған кеңесті шақыру және Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы келісім жасасу бейбітшілікті, халықаралық ынтымақты және халықаралық хауіпсіздікті нығайтуға жеткізетін бірден-бір ғана жол болып табылады. Албан Халық Республикасының үкметі бұл кеңестің жұмыстарына Қытай Халық Республикасынан бақылаушы қатыстыру қажет болып табылады және оның қатысуы бұл кеңестің табысты болуына едәуір дәрежеде көмектесетін болады деп санайды.

Албан халқы мен оның Үкметі жаңа, бақытты тұрмыс орнату үшін бейбіт еңбекпен шұғылдануда. Албан Халық Республикасының мүдделері Балқандағы және Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздік ісімен тығыз байланысты. Албан үкметі теңдік, ұлттық суверенитет пен территорияның тұтастығын өзара құрметтеу принциптеріне негізделген бейбітшілік, барлық басқа мемлекеттермен ынтымақтасу және шын ниетті достық саясатын жүргізіп келді және батыл жүргізіп келеді. Ол барлық европалық мемлекеттердің әлеуметтік системаларына қарамастан, олардың арасында коллективтік хауіпсіздік системасын құру Европа мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздікті баянды етеді деп сенін отыр. Бұл системаны құру халықаралық шиеленісті онан әрі басеңдетудің қуатты факторы болады, барлық халықтардың экономикасы мен мәдениетін өркендетуде жаңа мүмкіндіктер ашып береді.

Албан Халық Республикасының үкметі өзінің 1954 жылғы 31 мартгағы және 13 августағы мәлімдемелерінде «Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договордың» негізгі принциптері жайындағы Совет Үкметінің ұсыныстарын өзінің сөзсіз қолдайтынын хабарлаған болатын. Ол Совет Үкметінің жаңа ұсынысын қанағаттанғандықпен қабыл алады және Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе қарайтын кеңес шақыру жөнінде оның жасаған өте маңызды инициативасы үшін оған алғыс айтады. Албан үкметі бұл кеңеске қатысуға өзір отырғанын және оның табысқа жетуіне өз мүмкіндігінше көмектесетінін мәлімдейді.

МОНГОЛ ХАЛЫҚ-РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ XII СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСУ ҮШІН СОКП ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ УЛАН-БАТОРҒА КЕЛУІ

УЛАН-БАТОР, 19 ноябрь. (СОТА). Монгол Халық-революциялық партиясы XII съезіне қатысу үшін СОКП делегациясы кеше Улан-Баторға келді, оның құрамында СОКП Орталық Комитетінің жанындағы партиялық бақылау Комитеті Председателінің орынбасары П. Т. Комаров (делегация басшысы) пен СОКП Орталық Комитеті бөлім меңгерушісінің орынбасары А. А. Смирнов бар.

Вокзалда делегацияны МХРП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері Дамба, Дугурсурун, Жамбалдоржи, Цеденбал, Ширендыб, МХРП Орталық Комитетінің мүшелері, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сол сияқты, ССРО-ның МХР-дегі елшісі В. И. Писарев, ҚХР мен ҚХРД-дің елшілері қарсы алды. Делегацияны, сол сияқты, съезге келген туысқан Коммунистік және жұмысшы партияларының өкілдері қарсы алды.

МОНГОЛ ХАЛЫҚ-РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ XII СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫ

УЛАН-БАТОР, 19 ноябрь. (СОТА). Бүгін Улан-Баторда Монгол Халық-революциялық партиясының (МХРП) XII съезі ашылған. Мәжіліс залында еңбек арттықтарынан, жұмысшы табы мен интеллигенцияның өкілдерінен, сол сияқты, туысқан Коммунистік және жұмысшы партияларының өкілдерінен 630-дан аса делегаттар жыйналды.

Съезді Монгол Халық-революциялық партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. Дамба ашты. XII съездің зор маңызын атап көрсетіп, ол залдағы барлық адамдардың ду қол шапалақтауымен туысқан партиялар делегацияларын құттықтады.

Съезге қатысушылар орындарынан тұрып И. В. Сталин мен Чойбалсанды еске түсірді. Кешке дейін басымаған қол шапалақтаумен съездің құрметті президиумына Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Президиумы сайланды.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Монгол Халық-революциялық партиясының Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі Ю. Цеденбал МХРП-нің есепті баяндамасын жасады.

Бұдан кейін тексеру комиссиясының баяндамасы тыңдалды.

ҚЫТАЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ТАБЫСТАРЫ

ПЕКИН, 19 ноябрь. (СОТА). «Женьминьжибао» газеті ішкі Монголиядағы Тулихэде, Итулихэде, Синьициде және Бухэдудегі төрт орман кәсіпшілік шаруашылықтарының алған материалдарын өндірудегі жылдық жоспардың орындағандықтарын хабарлайды. Газет былай деп атап көрсетеді: осы төрт орман кәсіпшілік шаруашылықтарында өнімнің өзіндік құны комитетілуінің нәтижесінде елдің орман өнеркәсібі 11,6 миллиард юань мемлекет кейін, «бізден аулақ» деп жауап беруде. Англияның патриоттары елімізді және оның тәуелсіздігін бұрынғы гитлершіл генералдардың ықпалына бүтіндей беруге әкелін соқтыратын саясатқа қарсы наразылық білдіруде.

Германияны қайта қаруландыру жоспарларын айыптап, Шаффер былай деді: гитлершіл генералдардың жоспарларына қарсы альтернатива біріккен Германия болып табылады: Жаңа вермахқа қарсы альтернатива Европадағы коллективтік хауіпсіздік болып табылады, ал Европадағы бейбітшілік бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің кепілі болады.

Жапон өкілі Мацумото Лондон мен Париж келісімінің де, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азиядағы соғыс блогының де бейбітшілікке қатер төндіретініне, өйткені бұларға дем берушілердің—американ империалистерінің бүкіл дүние жүзіне үстемдік етуге тырысып отырғанына назар аударды.

Жапонияда, деді Мацумото, дүние жүзінің басқа елдеріндегі сияқты, халық барған сайын саналы және қырағы болып келеді. Халықтың бірлігі артып келеді. Атом мен сутегі қаруына қарсы жаппай ұлттық қозғалыс бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысын күшейтуде зор дәрежеде ат салысты. Жапон парламентінің жоғарғы және төменгі палаталары ғана емес, сонымен бірге барлық дерлік провинциялық және жергілікті заң шығару жыйналыстары да атом және сутегі қаруына тыйым салуды талап ететін қаралдар қабылдады. Мен атом және сутегі қаруына тыйым салу туралы петицияларға қол қойдыртудың парламенті және жергілікті өкмет орындарын бұл қарарларды қабылдауға мәжбүр етуін осында атап көрсету орынды болар еді деп ойлаймын. Қазірдің өзінде 22 миллионнан аса адамға қол қойдыртылды.

СТОКГОЛЬМ, 19 ноябрь. (СОТА). 18 ноябрьдегі кешкі мәжілісте үзілістен кейін күн тәртібінің бірінші пункті бойынша жарыссөздің жалғасы болды. Жарыссөзде: И. Громадка (Чехословакия), Г. Д' Арбусье (Қара Африка), Я. Дембовский (Польша) шығып сөйледі.

Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы

СТОКГОЛЬМ, 19 ноябрь. (СОТА). Кеше Шамбрэннің баяндамасынан кейін Батыс Германияның өкілі Теа Арнольд сөз сөйледі. Ол Батыс Германия халқының арасында герман милитаризмін қалпына келтіру жоспарларына қарсы қозғалыстың күшейе түскенін көрсетті. Үкмет өкілдерінің ресми мәліметтеріне қарамастан, деді Арнольд, Бонн договорымен салыстырғанда Лондон келісімдерінің ешқандай жаңалық енгізбегенін Батыс Германияның халқы барған сайын айқын түсінуде. Батыс Германияның суверенитеті туралы көп айтылып жүр, бірақ Герман Демократиялық Республикасындағы немістердің тілегі сияқты, деп атап көрсетті Арнольд, біздің де ең ынтызар тілегіміз Германияны біріктіру болып табылады.

Батыс Германиядағы немістер, деді Арнольд будан кейін, Париж келісімдерінің Европаның бейбітшілігі мен хауіпсіздігіне қатер төндіріп отырғанын, бұл келісімдердің жанталаса қарулануға және жаңа соғыс бастауға желіп соқтыратынын барған сайын айқын түсінуде.

Теа Арнольд Батыс Германия халқының ремилитарландыруға қарсы күресін көрсететін бірқатар мысалдар келтірді.

Арнольд сөзінің қорытындысында Батыс Германияның үкметі елден шығуға рұқсат беруден бастартқан Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Вильгельм Эльфестің сессияға жолдаған құттықтау телеграммасын оқып берді.

18 ноябрьде кешкі мәжілісте Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы күн тәртібінің бірінші мәселесі жөніндегі А. Донини мен Ж. Шамбрэннің баяндамалары бойынша жарыссөздің жалғасы болды.

Гордон Шаффер (Англия) өзінің сөзінде Европа халықтарының герман милитаризмін қалпына келтіруге қарсы күресті күшейтіп отырғандығын көрсетті. Лейбористік партияның Скарборода болған жыл сайынғы конференциясы көпшілігінің Германияны қайта қаруландыру туралы қарары, деп көрсетті Шаффер, ағылшын халқының еркіне қарамастан қабылданды.

Европаның халықтары және еңалдымен немістер халқы, деді Шаффер будан

Совет Үкметінің 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасына

Венгер Халық Республикасы үкметінің жауап нотасы

Осы жылғы 18 ноябрьде Венгер Халық Республикасының елшілігі ССРО Сыртқы Істер министрлігіне Совет Үкметінің осы жылғы 13 ноябрьдегі нотасына Венгер үкметінің жауабын тапсырды.

Жауап нотада былай делінген:

«Венгер халқы, бүкіл дүние жүзінің бейбітшіл халықтарымен бірге, Совет Одағының Берлин кеңесінде Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы договор жасасу жайында ұсыныстар енгізгенін зор жігермен және үмітпен құттықтап қарсы қын соғыстардың апатына екі рет ұшыратты. Венгер халқына қатер төндіретін герман милитаризмін қалпына келтірудің және Австрияның жаңадан өзіне күшпен қосып алу әрекетінің хауіпті екенін ескере отырып, Венгер Халық Республикасының үкметі қайта тудырылып жатқан агрессияшыл арам ниетті герман әрекеттеріне қарсы кепілдіктер жасауға ұмтылуда.

Ол будан бес жылдан аса уақыт бұрын Советтік Социалистік Республикалар европалық даулы мәселелерді, еңалдымен —герман мәселесін реттеуді қыйындатқан болар еді, европалық мемлекеттердің дамуына кедергілер тудырған болар еді. Бейбітшіл мемлекеттер бұған қолын қусырып босқа қарап отыра алмайды.

Сондықтан Венгер Үкметі, Совет Одағымен толық келісе отырып, европалық халықтардың төнген хауіпті жою мақсатымен келіссөздер бастауы және үлкенді-кішілі халықтардың мүдделері үшін,—жанталаса қаруланудың орнына, —Европада коллективтік хауіпсіздік системасын

Кореяның бірлігін қалпына келтіру үшін

ПХЕНЬЯН, 18 ноябрь. (СОТА). Кореяның Орталық телеграф агенттігінің хабарлауы бойынша, Кореяның Біріккен демократиялық отандық майданы Орталық Комитетінің органы «Чогук Чонсон» газеті өзінің «Оңтүстік және Солтүстік Корея халықтары арасындағы байланысты қалпытастыру үшін талмай күресеміз!» деген редакциялық мақаласында былай деп жазады:

Өз елінің екіге бөлінуінің зардабын тартып отырған корей халқы, Кореяның тезарада бірігуін құтуде. Бірікгіру проблежұртшылығының саяси және қоғам қайраткерлерінің бір столдың басына жыйналуын маңызды деп санаймыз.

КХДР-дің саяси және қоғамдық көрнекті қайраткерлері келіссөздер жүргізу үшін Оңтүстік Кореяның өкілдерімен қай жерде және қай уақытта болмасын кездесуге даяр екендігін айтқан болатын. Енді істің түйінді Оңтүстік Корея ұлттық жыйналысының мүшелеріне, саяси және қоғам қайраткерлеріне байланысты.

Мақалада Кореяның бейбітшілік жолмен бірігуін тілемейтін АҚШ пен лисынман-

басқа мәселелерді реттеуге бағытталған Совет Одағының бейбітшіл инициативасы мен ұсыныстары баянды бейбітшілікті камтамасыз ету мүмкіндігін жаңадан күшейтіп, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге едәуір дәрежеде көмектесті.

Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті сақтау Венгер Халық Республикасын өркендетудің шешуші шарты болып табылатынын түсіне отырып, Венгер Үкметі бейбітшілік ісіне қызмет ететін барлық күш-жігермен ұсыныстарды ерекше ықласпен қадағалауда және іскерлікпен қолдауда.

Венгер тарихының сабақтары мынаны көрсетіп отыр: үстемдік орнатуға ұмтылған герман әрекеттері Венгрияның ұлттық тәуелсіздігі мен ұлттық мәдениетін өркендетуге қасырлар бойы кедергі болып келді, ал соңғы уақыттың ішінде, бір ұрпақтың өмірі ішінде, олар елімізде жойтермен достық ынтымақ және өзара көмек туралы договорлар жасасқан кезде де жаңа герман агрессиясына жол бермеуге ұмтылған осы талабын басшылыққа алды. Осы екіжақты договорлармен қатар, барлық европалық мемлекеттердің коллективтік хауіпсіздік туралы договорды герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеудің және соғыс жаңжалдарын болдырмаудың бұдан былайғы пәрменді кепілдігі болған болар еді. Осыны жүзеге асыру мүдделері үшін, Венгер Үкметі халықтар арасындағы ынтымақты ұлғайтуға және Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруға өзінің қатысқысы келетінін өз мәлімдемелерінде сан рет айтып, муны өзінің бүкіл жұмысымен дәлелдеп берді. Венгер үкметінің пікірінше, Лондон мен Париж келісімдерін жүзеге асыру герман милитаризмін қайта тудырған болар еді, жаңа соғыс хаупін арттырған болар еді, құруы керек және мұның өзі шұғыл міндет деп санайды.

Венгер Халық Республикасының Үкметі Советтік Социалистік Республикалар Одағы Үкметінің шақыруын қабыл алады және өзінің белсене қатысуымен европалық халықтардың ортақ мақсатына—бейбітшілікке жетуіне көмектесу үшін 29 ноябрьде Москвада немесе Парижда шақырылатын кеңеске қатысуға әзір отыр.

Венгер Үкметі, атом қаруымен қаруланған кекшілдік герман армиясы төндіретін хауіпті түсініп, шақырылған үкметтер, өз халықтарының шын мүдделеріне сүйене отырып, өздерінің қатысуы мен кеңестің табысты болуына, жаңа соғысқа жол бермеуге және Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруға көмектеседі деп сенеді».

(СОТА).

Совет Одағының Үкметіне

ГДР үкметінің жауап нотасы.

БЕРЛИН, 19 ноябрь. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь, бүгін ГДР Халық палатасының жәмлісінде үкмет мәлімдемесін жасаған сөз сөйлеп, Герман Демократиялық Республикасының Москвадағы елшісінің бүгін таңертең Совет Үкметіне Герман Демократиялық Республикасы үкметінің мынадай мазмұнды жауап нотасын тапсырғанын хабарлады:

«Герман Демократиялық Республикасының үкметі Герман Демократиялық Республикасының Москвадағы елшісіне 1954 жылғы 13 ноябрьде тапсырылған нотаны алғанын Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметіне білдіруді және Герман Демократиялық Республикасы үкметінің бұл нотаны зерттегеннен кейін мынадай қорытындыға келгенін хабарлауды аброй деп санайды:

Германия туралы жасалған халықаралық келісімдерге мүлде қарама-қарсы Парижда қол қойылған Батыс Германия туралы келісімдер неміс халқының шын мәніндегі ұлттық мүдделеріне түбірімен қайшы келеді, әйткені өз Отанын қайта қосу неміс халқының ең жалынды тілегі болып табылады. Егер Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтіруді көздейтін Лондон мен Париж келісімдері жүзеге асырылатын болса, Европада шиеленісті бәсеңдетудің кепілі болып табылатын Германияның бірлігін демократиялық негізде қалпына келтіру ұзақ уақытқа дейін мүмкін болмайды. Герман Демократиялық Республикасының үкметі барлық немістердің қажырлы талабын — олардың отанын қайта қосу талабын жүзеге асыруды онан әрі кешеуілдетуге болмайды деп мәлімдейді.

Батыс Германияны кейбір мемлекеттердің басқа мемлекеттерге қарсы бағытталған соғыс топтарына қосу Европадағы бейбітшілікке ең елеулі қатер төндіреді. Герман Демократиялық Республикасының үкметі барлық европалық мемлекеттер қатысатын коллективтік хауіпсіздік системасы ғана Германияны тезінен қайта қосуға көмектеседі. Европада соғыс қатерін жояды және Европада шиеленісті бәсеңдетуге жеткізеді деп санайды.

Міне осы себептен Герман Демократиялық Республикасының үкметі 1954 жылғы 29 ноябрьде Москвада немесе Парижда, Қытай Халық Республикасынан байқаушы қатыстыра отырып, барлық европалық мемлекеттердің, сол сияқты, АҚШ-тың да қатысуымен кеңес шақыру туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағының 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасында жасаған ұсынысын құптықтайды, бұл кеңесте Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе қаралуға тиіс.

Герман Демократиялық Республикасының үкметі 29 ноябрьде өткізуге ұсынылған кеңеске өз өкілдерін жіберуге әзір екенін Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметіне хабарлауды аброй деп санайды».

Совет Үкметінің 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасына

Финляндия үкметінің жауабы

19 ноябрьде Финляндияның Москвадағы миссиясы ССР Одағы Сыртқы Істер Министрлігіне 1954 жылғы 13 ноябрьдегі совет нотасына Финляндия үкметінің мынадай жауабын жолдады:

«Финляндияның миссиясы Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігін өзінің құрметтейтінін білдіреді және ССРО Үкметінің 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасына жауап ретінде, Финляндия үкметінің тапсыруы бойынша мынаны хабарлауды аброй деп санайды:

Финляндия үкметі халықаралық бейбітшілікті нығайтуға бағытталған әрбір инициатива мен шараны қанағаттанғандықпен құттықтап келеді. Сондықтан ол ССРО Үкметі ұсынған кеңесті шақыруға дұрыс деп қарамай отыра алмайды.

Үлкенді-кішілі барлық мемлекеттердің қоғамдық және мемлекеттік құрылысына қарамастан, олардың қатысуына негізделген жалпыевропалық хауіпсіздік системасын құру жолымен, Біріккен Ұлттар ұйымының мақсаттары мен принциптеріне сәйкес Европада бейбітшілікті камтамасыз ету туралы ССРО Үкметінің нотасында жасалған ұсынысты дұрыс ықласпен қарауға Финляндия үкметі әзір отыр.

Осы кезқарасқа сүйене отырып, Финляндия үкметі шақырылған мемлекеттердің осыдан бұрынғы абзацта айтылған негізде өткізілетін жалпы кеңесіне қатысуға өзінің әзір екенін хабарлайды».

(СОТА).

АЛБАНИЯДА «СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ» АТАҒЫ БЕЛГІЛЕНДІ

ТИРАНА, 19 ноябрь. (СОТА). Газеттерде Албан Халық Республикасы Халық жиналысы президиумының «Социалистік Еңбек Ері» атағын белгілеу жөнінде Указы жарияланған. «Социалистік Еңбек Ері» Албан Халық Республикасында ең жоғарғы награда болып табылады және ол халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласында да еңбек етуде үздік нәтижеге ие болған адамдарға беріледі.

қаржысын үнемдеді.

Қытайдағы металлургиялық кәсіпорындардың ішіндегі ең бір ірісі болып саналатын Тайюань металлургиялық заводы жылдық жоспарды орындады.

Цзяньцзы провинциясындағы Лигуо темір рудасы бассейнінің жұмысшылары руда өндірудің жоспарын мерзімінен 58 күн бұрын орындады. Кеншілер үстіміздегі жылы өткен жылғымен салыстырғанда мемлекетке 16 мың тонна темір рудасын артық берді.

«Гуанминжибао» газеті Тяньцзинь мен Қытайдың басқа да қалаларындағы кәсіпорындарының жылдық жоспарды орындағандықтары туралы хабарлайды.

ГОМИНДАНДЫҚ АРАНДАТУШЫЛАРҒА ТОЙТАРЫС БЕРІЛУДЕ

ПЕКИН, 19 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Чжэцзяньнан берген хабарына қарағанда кеше Халық-азаттық армиясының самолеттері бірнеше топ болып Дайэнь аралынан Солтүстік Шығысқа қарай 50 километр жердегі Юшань аралдарындағы гоминдандықтарға шабуыл жасап, оларды бомбалаған. Бәйюшань аралына орналасқан зенит пулеметтері мен чанкайшилік әскерлердің үстіне бомбалардың тура түскендіктері байқалған. Халық-азаттық армиясының самолеттері өз базаларына аман қайтып оралған.

ПЕКИН, 19 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің хабарлауына қарағанда, 17 ноябрьде Халық-азаттық армиясының Фучжоу ауданындағы зенит артиллериясы чанкайшилік соғыс әуе күштерінің бір самолетін зыяндандырған. Сол күні Ниньянның батысындағы ауданда тағы бір самолет атып түсірілген.

ЮГОСЛАВИЯДА ҚАЛЫҢ ҚАР ЖАУҒАН

БЕЛГРАД, 19 ноябрь. (СОТА). Югославия газеттері елдің көптеген аудандарында қар қалың жауды деп хабарлайды. Қардың басып қалуы салдарынан Брус пен Крушевац (Сербия) арасында жолаушылар қатынасы тоқтап қалған. Сондай-ақ, Гостивар аралығындағы темір жол қатынасы, Битоль-Ресан-Охрид (Македония) аралығындағы автобус қатынасы тоқтатылған.

Қардың көп жаууы және боранның күштілігі салдарынан Косово, Метохия және Черногория аралығындағы негізгі жол бойында транспорт қатынасы үзіліп қалған.

АВСТРИЯДА ҮН ӨНЕРКӘСІБІ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ВЕНА, 19 ноябрь. (СОТА). Австрия баспасөзі агенттігінің хабарлауына қарағанда, кеше Австриядағы барлық диірмендер жұмысшыларының ереуілі басталған. Ереуіл кәсіп иелерінің олардың жалақысын арттыру жөніндегі талаптарын қанағаттандыру үшін жұмысшылармен келіссөздер жүргізуден бас тартуларына байланысты жарияланған.

дық басшы топтар елдің екі бөлігі өкілдерінің арасында байланыс жасалуынан қорқады. Алайда, қатаң репрессияға қарамастан, деп жазады газет, оларға корей халқының ұлттық сезімін және бірігуге ұмтылуын, оның өз ісінің дұрыстығына сенімін басып тастай алмайды.

Мақала Оңтүстік Корея Ұлттық жиналысының мүшелеріне, саяси және қоғамдық қайраткерлерге Кореяның бірігуіне кедергі келтіретін корей халқы жауларының қастүнемдіктерін болдырмауға шақырумен аяқталған.

Италиядағы стихиялық апат

ПАРИЖ, 18 ноябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Римнен берген хабарына қарағанда, Оңтүстік Италия мен Сицилияда дауыл тұрып, жаңбыр мен қар 48 сағат бойына тоқталмай жауып тұр, ол бұл жерлерге елеулі зиян келтірген. Фоджи ауданының біраз бөлігін су алып кеткен. Көптеген телефон жолдары зиянданырылып, жол қатынастары үзілін қалған. Потенца қаласының (Калабрия) ауданында 36 сағат бойына қар жауып тұр. Жол қатынастары үзілін, көптеген деревнялар байланыссыз қалған.

Беневентода (Кампанья облысы) бірнеше күн бойы тоқталмастан жаңбыр жаууда. Көптеген үйлерді су алып, олардың адамдары басқа жаққа көшіп кеткен. Палермо портында жұмыс тоқтатылған және елу балықшы қайық портқа қайтып оралған жоқ.

Сонымен бірге Оңтүстік Италияда күннің едәуір суытып, Туринде 6 градуска дейін аяз болғандығы айтылады.

Мендес-Франстың Вашингтонға келуі

ВАШИНГТОН, 18 ноябрь. (СОТА). АҚШ-тың президенті Эйзенхауэрмен және мемлекеттік секретарь Даллеспен келіссөздер жүргізу үшін Францияның премьер-министрі Мендес-Франс кеше кешке Вашингтонға келді.

ПАРИЖ, 18 ноябрь. (СОТА). Мендес-Франстың Вашингтонға барған сапарына түсінік бере келіп, «Комба» газеті былай деп жазады: «Франция министрлер советі президентінің президент Эйзенхауэрмен және АҚШ-тың мемлекеттік секретарьмен жүргізетін саяси келіссөздері төмендегідей мәселелерге: Саар мен Париж келісімдерін ратификациялаудың перспективаларына; Шығыс пен Батыс арасындағы қатынастарға; индо-қытай проблемаларына; батыс-европалық одақ шегінде қару-жарақ өндіруге және оны таратуға қатысты болуы ықтыймал».

Батысевропалық елдерге жасалып отырған қысым

НЬЮ-ЙОРК, 18 ноябрь. (СОТА). «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің Лондондағы тілшісінің хабарлауына қарағанда, Құрама Штаттары, Англия мен Франция 17 ноябрьде Лондоннан, коллективті хауіпсіздік системасын құру туралы мәселені талқылау үшін 29 ноябрьде жалпыевропалық кеңес шақыру туралы Совет Одағының ұсынысын қабылдамауға шақырып, өздерінің батыстағы одақтастарына және Европадағы бейтарап елдерге ұсыныс жолдаған.

«Батыс державалар, —деп жазады тілші, —коммунистік емес лагерьдегі жіктілікті болдырмау үшін тез қыймылдады. Олар өздерінің НАТО жөніндегі одақтастарының қолдайтындықтарына толық сенгенімен, бейтарап мемлекеттер позицияларына толық сене алмайды. Россияның Европадағы хауіпсіздік туралы мәселе бойынша кеңесті батыс елдерінсіз ақ өткізуі мүмкін деп есептелінін отыр».

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Кинолардa

«УДАРНИК» кинотеатрында

«БОГАТЫРЬ» МАРТОҒА БАРА ЖАТЫР»

Сеанстар күндізгі сағат 10-20, 12, 1-40, 3-20-да және кешкі сағат 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ОН ҮШ»

Сеанстар күндізгі сағат 12, 2, 4-те басталады.

«КОМЕДИАНТТАР»

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02710.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21- үй.